

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН БОЛЬШЕВИГІ


СІТІМДІК АЛМАТЫ

№ 3

ИЮНЬ

1945

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ





ССР Одағының барлық қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы
Иосиф Виссарионович Сталинге Советтер Одағының Генералиссимусы
жоғары дәрежелі әскери атағын беру туралы

**ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ
У К А З Ы**

ССР Одағының барлық қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбас-
шысы ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИНГЕ Советтер Одағының
Генералиссимусы жоғары дәрежелі әскери атағы берілсін.

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Председатели М. КАЛИНИН*

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі А. ГОРКИН*

Москва, Кремль.
1945 жылғы 27 июнь.

Советтер Одағының Маршалы
Сталин Иосиф Виссарионовичті „Жеңіс“
орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Советтер Одағының барлық қарулы күштерін ұйымдастыру ісіндегі ерекше еңбегі және оларға Гитлер Германиясын толық жеңумен аяқталған Ұлы Отан соғысында шеберлікпен басшылық еткені үшін Советтер Одағының Маршалы СТАЛИН Иосиф Виссарионович «ЖЕҢІС» орденімен наградталсын.

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі М. КАЛИНИН*

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі А. ГОРКИН*

Москва, Кремль.
1945 жылғы 26 июнь.

Иосиф Виссарионович Сталинге Советтер Одағының
Батыры атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Отанымызды және оның астанасы Москваны қорғаған ауыр күндерде Қызыл Армияны басқарған, Гитлер Германиясына қарсы күреске ерекше ерлікпен, батылдықпен басшылық еткен Советтер Одағының Маршалы Иосиф Виссарионович СТАЛИНГЕ Советтер Одағының БАТЫРЫ атағы беріліп, ЛЕНИН ордені мен «АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ» медалі қоса тапсырылсын.

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі М. КАЛИНИН*

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі А. ГОРКИН*

Москва, Кремль.
1945 жылғы 26 июнь.

Совет халқын жеңіске жеткізуші*

Сталин жолдасқа Советтер Одағының Батыры атағын беру және оны екінші рет «Жеңіс» орденімен наградау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының тарихи Указдарын совет халқы зор қуанышпен қарсы алды. Қеше ССРО барлық қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Сталин жолдасқа, соғыс кезінде мемлекетіміздің барлық қарулы күштеріне басшылық ету ісінде отанымыз алдындағы ерекше үздік еңбегі үшін Советтер Одағының ГЕНЕРАЛИССИМУСЫ деген еліміздің ең жоғары дәрежелі әскери атағы берілді.

Еліміз даңқты, салтанатты жеңіс күндерін өткізуде. Гитлер Германиясына қарсы соғыста совет халқының қолы жеткен жеңістің, маңызы жағынан, дүние жүзілік тарихта теңдесі болған емес.

Тек Октябрь Социалистік революциясы арқасында, социалистік ұлы өзгеріс арқасында ғана Ресей бұл соғыста Германияның соғыс күшін талқандап, жойған негізгі күш бола алғанын қазір жүрттың бәрі мойындайды. Жеңіс үшін сансыз құрбандық берген, бостандық сүйгіш халықтардың ең жауыз дұшпанына қарсы күресте теңдесі жоқ ерлік істер көрсеткен совет халқының ерлігі алдында бүкіл адамзат тәжім етіп, алғыс айтады.

Сан миллион совет адамдарының бұл қаһармандық, тамаша күресіне басшылық еткен адамның есімі қазір дүние жүзіндегі барлық тілдерде қошаметпен мақтап етіледі. Бұл есім — сталиндік үш бесжылдықтың ішінде елімізді негізінен өзгертіп, жеңімпаз елге айналдырған қуатты социалистік еңбекке бағыт көрсетуші көсемнің есімі, өз бойында даналық пен батылдықты, мүлтіксіз ғылыми есеппен еліне шын берілген ерлікті ұштастырған, өз бойында қаһарман халықтың асыл қасиеттерін тәрбиелеп өсірген көсемнің есімі.

Бұл есім — Сталин.

Бұл соғыстан көп бұрын, неміс империалистері Советтер Одағына тап беруден көп бұрын Сталин жолдас оқыйғалардың бет алысын күн ілгері болжады. Ол халқымызды өзінің советтік отанын қорғауға даярлады. Қызыл Армиямызды тәрбиелеп өсірді, соғыс кезінде жауды талқандауға не керек болса, соның бәрін беріп отырған қуатты өнеркәсібімізді орнатуға басшылық етті, шаруаларды тура жолға, армиямыз бен елімізді аптықтан және шикі зат тапшылығынан құтқарған колхоз жолына түсірді. Соғыстың басталуынан көп бұрын Сталин совет адамдарын отанымызға шын беріліп қызмет ету рухында, еліміздегі халықтардың берік достығы рухында тәрбиеледі, қаһармандық, батырлық, табандылық және ерлік рухында тәрбиеледі.

Мұнан төрт жыл бұрын, отанымыз үшін ең ауыр күндерде, орасан көп соғыс техникасымен қаруланған неміс басқыншылардың құтырған



шапқыншылары совет жеріне опасыздықпен, сурқыялықпен тап берген кезде отанымызға, бостандық сүйгіш барлық халықтарға қатерлі қауіп төнді.

Міне осындай ызғарын төккен қаһарлы күндерде қаһарман халқымыздың қаһарман көсемнің күшімізге сенген, байсалды дауысы естілді.

Хасиетті жерімізге тап берген дандайсыған сурқыя жаудың талқандалатынын Сталин жолдас көрегендікпен алдан болжап көрсетті. Ол бүкіл халқымызға жеңіске жеткізетін жолды көрсетті, әділетті ісіміздің жеңетіндігіне сенімімізді нығайтты. Ол әрбір совет азаматын барлық күшін жеңіс жолына аянбай жұмсауға шақырды, социалистік мемлекетіміздің алып күштерін жауға қарсы күреске аттандырды. Соғыстың ең қыйын күндерінде халқымыздың көсемі және ұстазы, данышпан стратегіміз соғысқа басшылық етудің бүкіл ауыртпалығын өз қолына алды.

Сталин жолдас совет халқының күшті, залым жауға қарсы күресінің программасын көрегендікпен, данышпандықпен белгіледі. Ол қазіргі заман соғысының заңдарын данышпандықпен ашып, жеңетіндігімізді ғылым жолымен дәлелдеп көрсетті. Сталин жолдас бұрын-соңды болып көрмеген ұрыстардың тағдырын кездей соқ, өткініші күштер емес, тұрақты күштер біздің пайдамызға шешілетінін көрсетті.

Совет құрылысы жағдайында халыққа, оның алып күшіне қатты сенгендік кемеңгер Сталиннің данышпандық жоспарының, данышпандық стратегиясының негізі болды. «Біздің күшіміз ұшан-теңіз. Масайрап кеткен жаудың бұған жақында көзі жетуге тиіс», — деді Сталин жолдас 1941 жылғы 3 июльдегі тарихи сөзінде.

Бұл соғыста негізгі күштердің бірі болған Қызыл Армияның рухын, халықтың рухын Сталин жолдас мейлінше жоғары көтерді. Бұл соғыстың сипатын ашып көрсетіп, бостандығымыз бен тәуелсіздігімізді қорғауды, Октябрь Социалистік революциясының ұлы табыстарын қорғауды көздеген бұл ең әділетті соғыста совет жауыныгерлері алдына ардақты, ақ ниетті мақсаттар қойып, Сталин жолдас халқымызды оған дейін болып көрмеген ерлік істерге жұмылдырды. Не үшін соғысатынын совет адамдары білді. Ұлы бабаларымыздың даңқты істері оларды тамаша ерлік көрсетуге шақырды, кемеңгер Лениннің бейнесі оларға қуат беріп жігерлендіріп отырды.

Сталин жолдастың рух беруші үлгісі совет адамдарын жаппай қаһармандық көрсетуге шақырды. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ Сталин жолдас отанымыздың тағдырын, сан миллион адамдардың тағдырын, келешектегі ұрпақтардың тағдырын шешетін қарарлар шығарудың таудай ауыртпалығын өз қолына алды.

Москва түбіндегі ұрыста, отанымызды қорғаған ең ауыр күндерде совет қолбасшысының ұлы данышпандығы, оның қаһармандығымен, асқан батылдығымен ұштасып отырды. Отанымыздың қақпасы — Москва түбіне жеткен герман армияларын талқандауды көздеген сталиндік стратегиялық жоспардың ерекшелік жағдайлы ғылыми жолмен терең зерттеуге негізделген батылдығында, өжеттілігінде болды. Ол күндерде Сталин осы Москвада, өзінің даңқты серіктерінің ортасында болды. Сталиндік мектепте тәрбиеленген даңқты қолбасшылар алғаш рет осы жерде, Москва түбінде сынып өтті.

Москва түбінде, Ресейдің орталығында, еліміздің жүрегінің нақ іргесінде лаулап жатқан соғыс өртіне, бұл тарихи ұрысқа ол күндерде бүкіл дүние жүзі назар салып отырды. Жау жеңіс туын мерекелеуге даярланды. Ол өзінің туларын Москвада Қызыл алаңнан алып өтпек болды. Бірақ, бұл қаракшылық тулардың тағдыры басқаша болды — олар Қызыл Армияның тарихи жеңіс парады күні кемеңгер Лениннің мавзолей түбінде жермен жексен болып сұлап жатты.

Совет адамдарының қаһармандығы, Қызыл Армияның қаһарманды-

ғы, қолбасшымыздың қаһармандығы басқыншылардың жолында өткізбейтін бөгет болды. Москва түбінде жауға алғаш рет үлкен соққы берілді. Бұл урыста жау соғыс басталғаннан бері алғаш рет мықтап жеңілді.

Әлі де күшті, айбарлы, өзінің табыстарына мастанған гитлершілдер армияларын талқандап, Москваны сақтап қалуға ерлікпен, батылдықпен, өжеттікпен бел байлаған Сталин жолдастың стратегиялық данышпандығы, қолбасшылық ерлігі немістердің арам ниетін күйретіп, жауды барлық жерде жеңе беруге жол ашты.

Майдан мен елде совет адамдары Сталиннің есімін ауызынан тастамай, жауға қарсы күресті, Сталиннің есімімен қандай қиыншылықтарды болса да жеңді. Мемлекеттік Қорғау Комитетінің председателі Сталин халқымыздың жанқиярлық күресіне қолма-қол басшылық етіп отырды. Ленин—Сталин партиясының басшылығымен туысқан халықтардың күрделі еңбек еткен ұзақ жолын өткен совет елі ғана еңбек майданында мұндай керемет ерлік істер көрсете алды.

Дивизиялардың саны мен сапасы, армиялардың қару-жарағы соғыстың бет алысын белгілейтін, тағдырын шешетін күштер міне осылар. Сталин жолдас және оның ең жақын серіктері өздерінің үздіксіз ұйымдастырушылық еңбегін күні-түні осы жолға жұмсады. Еліміздің қиыр түкпірлерінде, асқан қажырлылықпен сталиндік жауынгерлердің көп дивизиялары қурылып жатты.

Мұнымен қатар олар үшін қазіргі заманғы және ең қуатты қару соғылуда болды. Конструкторлар мен академиктер, инженерлер мен техниктер Қызыл Армия үшін самолеттер, танктер, зеңбіректер, автоматтар, гвардиялық минометтер жасады. Олардың жемісті еңбегіне Сталин жолдас күнбе-күн басшылық етіп отырды. Соғыс кезінде ғылыми-техникалық ойдың мейлінше өркендеуі Сталин жолдастың есімімен тығыз байланысты. Ұлы Сталиннің тапсырмасымен жігерленген сан миллион жұмысшылар аянбай еңбек етті.

Қаһарман Қызыл Армияның батырлық күші жылдан-жылға өсіп, нығая берді. Ұлы қолбасшы Сталин жолдас, Сталиндік стратегиялық ниеті, Жоғарғы Бас командованиенің тапсырмасын таланттылықпен орындаушы тамаша генералдар мен маршалдарды тәрбиелеп өсірді. Армияның қолбасшыларының ұйымдастырушылық қабілеті соғыстағы негізгі күштердің бірі болды. Ұлы отан соғысының тарихы, соғыс өрті ішінде соғыс ғылымының сталиндік мектебінен өткен армиямыздың генералдары мен офицерлерінің тамаша өскендігін баян етеді.

Сталин жолдас соғысушыларға қуат беретін неше алуан күштердің бәрін ескере отырып, елімізді тура жеңіске бастады. Советтік мемлекеттің барлық демократияшыл елдермен халықаралық байланысы өсіп, нығая берді. Сталиндік сыртқы саясат Гитлерге қарсы одақтың нығая беруін, фашистік Германияның барған сайын жалғыз қалдырылуын қамтамасыз етті. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ еліміз Сталин жолдастың сөзімен өзінің соғыстағы ардақты мақсаттарын жариялады. Қуанышты ұлы жеңіс күні біздің асқан алып күресіміздің қорытындысын жасай келіп, Сталин жолдас: «Бүгіннен бастап Еуропа үстінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы желбірейді» деді. Ардақты ұлы сөздер Сталиннің басшылығымен Советтер Одағы бейбітшілік пен қауіпсіздіктің қуатты қамалына, халықтар бостандығының, демократия мен прогрестің қамалына айналды.

Жеңімпаз сталиндік стратегия — соғыстағы данышпандықтың ұлы жемісі. Бұл стратегия қоғамының дамуының ғылыми заңдарын білуге, марксистік-лениндік теорияға негізделген. Бұл стратегия өткендегі соғыс ғылымының ең таңдаулы табыстарының бәрін, ең алдымен орыс соғыс

өнерінің үздік үлгілерін зерттеуге негізделген. Бұл стратегия орасан зор майдандарда, қиыр түкпірлерде, елімізден тыс жерлерде жаудың лагерьінде болып жатқан өзгерістер мен құбылыстардың бәрін қамтыйды. Бұл стратегия халықтың барлық күштері мен таланттарын, социалистік қурылыс жағдайында оның мүмкіншіліктерін есепке ала отырып белгіленген.

Сталин жолдас қазіргі замандағы соғыс ғылымының ұйымдастырушысы. Сталин жолдас ең жаңа соғыс техникасының барлық салаларына данышпандықпен, көрегендікпен терең және дұрыс баға беріп, Қызыл Армияның тактикасын әскердің неше түрінің бәрінің икемділікпен мүлтіксіз күш біріктіріп қыймыл жасауына негіздеді. Сталин жолдастың қолбасшылық өнері бекіністі майдандарда ұрыс қыймылдарын жүргізу, майданды бузып өтуді ұрыс даласында жүрдек күштердің маневірімен ұштастыру мәселелерін іс жүзінде шешті. Ұлы отан соғысының барысында жаудың армияларын қоршап алып, жоюды көздеген орасан кең көлемді ерекше ұрыс қыймылдары жүзеге асырылды. Қаһарман Қызыл Армияның даңқты соғыс жорықтары өткен дәуірдегі соғыс даңқының ең үздік үлгілерінен де асып түсті, басынан бастап жаудың күшін талқандай отырып, совет жауынгерлері Алпі тауларына жетті. Ерлігі ата-бабаларынан асып түскен керемет батырларға басынан мәңгі қар кетпеген бұл таулардың шынынан да тұрып Ресей әскерінің даңқты генералиссимусы А. В. Суворов назар салғандай болды.

Мұндай ұрыстар соғыс тарихында болған емес. Солтүстік теңіздің мұз даласынан бастап оңтүстік теңіздердің айдынына дейінгі ұлан-байтақ кең майданда бұрын соңды болып көрмеген орасан зор қатты ұрыстар жүргізілді. Совет маршалдары майдандар мен армияларға басшылық етті, әр қайсысы өткен ғасырлардың соғыстарынан асып түсетін тамаша жорықтар жасады. Совет халқының ұлы көсемі данышпан қолбасшы И. В. Сталин маршалдарды жеңіске бастады. Отанымыз өзінің ең бірінші және ең айбынды жауынгерін даңққа бөлеп, оған Советтер Одағының Генералиссимусы деген жоғары дәрежелі әскери атақ берді. Бұл ісімен халқымыз бізді жеңіске жеткізген адамның соғыс кезінде мемлекетіміздің барлық қарулы күштеріне басшылық ету ісінде отанымыз алдындағы ерекше еңбегіне лайықты баға берді.

Соғыстың ауыр сындар кезінде ССР Одағының барлық қарулы күштеріне совет мемлекетіне асқан данышпанның, ұйымдастырушының, совет халқының қаһармандығы бойына біткен стратегтің басшылық етуі — совет халқының бақыты. Сталин жолдасқа Советтер Одағының Батыры атағы берілуін, оның екінші рет «Жеңіс» орденімен наградталуын халқымыз зор қуанышпен қарсы алды. Бұл — бүкіл халқымыздың тілегі. Халықтардың көсемі және ұстазы, қуатты мемлекетімізді орнатушы, социализм елінің данышпан стратегі — Советтер Одағының генералиссимусы И. В. Сталиннің даңқы арта берсін!

Совет халқы Сталин жолдастың сау-сәлемет, қуатты болып көп жасауын тілейді. Онымен бірге, оның данышпандық басшылығымен біз сұрапыл соғыстың дауылы мен боранынан мойымай өттік. Онымен бірге, оның данышпандық басшылығымен совет халқы жаңа табыстарға жетеді, советтік мемлекетіміздің соғыс және шаруашылық қуатын онан сайын нығайтады, отанымызды онан сайын гүлдендіреді.

Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы з а ң

Фашистік Германияға қарсы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы себепті, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату хәжет деп табады.

Бұған сәйкес, Советтік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Советі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Майдандағы Армия қатарындағылардың алғашқы кезектегілерін — он үш жылғы үлкен жастағыларды босату туралы ССР Одағы Халық Комиссарлары Советінің ұсынысы бекітілсін.

2. Осы заңның 1-буынында көрсетілген Майдандағы Армия қатарындағы он үш жылғы үлкен жастағыларды босату 1945 жылдың екінші жартысында аяқталсын.

3. Босатылғандар тұратын жерлеріне мемлекет есебінен жеткізілсін.

4. Босатылғандар жол азығымен мемлекет есебінен қамтамасыз етілсін.

5. Босатылғандар сыртқы киіммен және аяқ киіммен толық қамтамасыз етілсін.

6. Босатылғандарға Ұлы Отан соғысы кезінде армиядағы қызметінің әрбір жылы үшін мынадай мөлшерде бір жолғы ақшадай сыйлық берілсін:

а) әскердің және соғыс қызметінің қай түрінде болса да, жалпы әскер тарифы бойынша ақшалай ақы алып келген қатардағы жауынгерлерге-қызметінің әрбір жылы үшін бір жылдық ақы;

б) арнаулы бөлімдер мен бөлімшелердегі, арттырылған ақшалай ақы алып келген қатардағы жауынгерлерге-қызметінің әрбір жылы үшін жарты жылдық ақы;

в) әскердің қай түрінде болса да сержанттарға-қызметінің әрбір жылы үшін өзінің қызмет ақысы бойынша әрісі 900 сом, кемі 300 сом мөлшерінде жарты жылдық ақы;

г) Отан Соғысы кезінде қызмет еткен офицерлерге:

- бір жыл қызмет еткендерге — екі айлық ақы,
- екі жыл қызмет еткендерге — үш айлық ақы,
- үш жыл қызмет еткендерге — төрт айлық ақы,
- төрт жыл қызмет еткендерге — бес айлық ақы.

7. Одақтас және автономиялы республикалардың халық комиссарлары советтеріне, еңбекшілер депутаттарының өлкелік, облыстық совет-

тері атқару комитеттеріне, халалық аудандарда кәсіпорындарының, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына армиядан босатылғандарды тұратын жеріне келген күнінен бастап әрі кеткенде бір айдың ішінде жұмысқа орналастыру, орналастырғанда, олардың Қызыл Армияда алған тәжірибесін және мамандығын ескере отырып, армияға кетуден бұрын атқарған жұмысынан кем түспейтін жұмысқа орналастыру, сол сыяқты, армиядан босатылғандарды пәтермен, отынмен қамтамасыз ету міндеттелсін.

8. Еңбекшілер депутаттарының аудандық, селолық советтерінің атқару комитеттеріне және колхоздардың басқармаларына армиядан босатылып деревняға қайтқан шаруалардың жұмысқа орналасуына және шаруашылық құрастыруына мейлінше толық жәрдемдесу міндет етілсін.

9. Одақтас және автономиялы республикалардың халық комиссарлары советтеріне, еңбекшілер депутаттарының өлкелік және облыстық советтерінің атқару комитеттеріне, немістердің басқыншылығынан зыян көрген аудандарда Қызыл Армия қатарынан босатылғандардың үй салатындарына немесе үйлерін жөндейтіндеріне, үй салатын ағаш дайындау үшін орманнан тегінге ағаш кесетін жер беру міндет етілсін.

10. Немістердің басқыншылығынан зыян көрген аудандарда, армия қатарынан босатылған мұқтаж адамдарға пәтер-үйлер салуға және үйлерін қалпына келтіруге 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 5 мың сомнан 10 мың сомға дейін қарыз беру қала шаруашылығы және пәтер-үй құрылысына қаржы беретін Бүкіл Одақтық банкке міндеттелсін.

*ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі М. КАЛИНИН
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі А. ГОРКИН*

Москва, Кремль.
1945 жылғы 23 июнь.

Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы Қызыл Армия Бас Штабының бастығы Армия генералы А. И. Антоновтың баяндамасы

Депутат жолдастар!

Советтер Одағына опасыздықпен тап берген неміс империалистеріне қарсы совет халқының Ұлы Отан соғысы жауды толық жеңуімізбен аяқталды (Ұзақ қол шапалақтау) Күшті зұлым жауға қарсы кескілескен күресте совет халқы және оның Қызыл Армиясы өз Отанының намысын, бостандығы мен тәуелсіздігін сақтап қалды.

Европадағы шапқыншылықтың бас ордасы — Гитлер Германиясы толық талқандалды. Қызыл Армия және одақтастарымыздың армиялары оның қарулы күштерін күйретті. Гитлердің армиялары қырылды, қалғаны қолға түсірілді, олардың соғыс техникасы талқандалды, қалғаны біздің және одақтастарымыздың қолына түсірілді. Қызыл Армияның және одақтастарымыздың армияларының батыл шабуылдарының нәтижесінде, жаудың жері түгел алынды. Германия өзінің бүкіл соғыс өнеркәсібінен, жанар май және соғыс хажетіне керекті шикі зат қорынан айрылды. Германияның мемлекет және соғыс жұмыстарын басқаратын аппараты қый-

ратылды. Немістердің соғыс машинасы біржолата талқандалды. Қарсыласуға мүмкіндігі қалмаған Германия лажсыздан сөзсіз тізе бүкті.

Быйылғы 9 майда, тарихи Жеңіс Күнінде, Сталин жолдас халыққа арнаған үндеуінде былай деді:

«Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы құрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшаң-теңіз азабы мен таршылығы, Отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз босқа кетпей, жауды толық жеңумен аяқталды. Өздерінің тіршілігін және өздерінің тәуелсіздігін қорғаған славян халықтарының ғасырлар бойғы күресі неміс басқыншыларын және неміс зорлықшыларын жеңумен аяқталды.

Бүгіннен бастап Европа үстінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы желбірейді».

Герман империализміне қарсы күрестің негізгі ауыртпалығын біздің Отанымыз бен Қызыл Армия көтергені жұрттын бәріне мәлім. Сондықтан, біздің жеңісіміз ерекше салтанатты жеңіс болып отыр.

Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін совет-герман майданы күрестің тағдырын шешетін майдан болды. Неміс командованиясі өзінің негізгі күштерін өзінің соғыс техникасының көбіні және ең таңдаулысын совет-герман майданында ұстады. Неміс армиясының негізгі кадрлары және жаудың техникасының көпшілігі совет-герман майданында жойылды.

Герман империализмін талқандау күресіндегі негізгі күш болған мемлекетіміз бен Қызыл Армияның ұлы еңбегі құлдыққа түсірілген Европаны фашистердің қысымынан азат ету күресінің дүние жүзілік тарихынан даңқты, көрнекті орын алады.

Біздің тарихи жеңістерге жетуіміздің себептері қандай? Бұл жеңістеріміздің негізі: біздің социалистік құрылысымыздың жеңілмейтін алып күші, халқымыздың отаншылдығы және моральдық-саяси бірлігі. Қызыл Армияның мызғымас қуаты, болынешиктік партиямыздың рух беруші және ұйымдастырушы ұлы күші Сталин жолдастың мемлекетімізге және соғыс қыймылдарына данышпандық басшылығы. (Ұзаққа созылған ду қол шапалақтау. Бәрі де орындарынан тұрып Сталин жолдастың хұрметіне қошемет көрсетті.)

Қызыл Армия Солтүстік мұзды мұхиттан Қара теңізге дейін және Кавказ тауларына дейін кең соғыс майданында ұрыс жүргізді.

Бұл жағдайда, совет халқының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау үшін жеке-құрып жауды талқандау үшін, мемлекетіміз Қызыл Армияның қуатын мейлінше арттыру үшін көп адам және көп зат қорын жыйнауға мәжбүр болды. Соғыстың аяқ шенінде Қызыл Армия қатарында бейбітшілік кезіндегіден төрт есе көп дивизиялар болды. (Қол шапалақтау).

Бірақ, қазіргі заман соғысында жеңіп шығу үшін армияның тек көп болуы ғана жеткіліксіз. Өткен соғыс моторлардың соғысы, әр алуан және мейлінше көп техника соғысы болды. Қызыл Армия үкімет және Жоғарғы Бас командование алдына қойған міндеттердің бәрін жеңімпаздықпен орындағанда, тек үлкен армия болғандықтан ғана емес, оның үстіне, техникалық жабдығы саны жағынан да, соғысқа керекті сапасы жағынан да қазіргі заман соғысының талаптарына сай келгендіктен орындады.

Қызыл Армияның қазіргі заманға лайықты, көп және қуатты артиллериясы бар. Бұл артиллериясы Ұлы Отан соғысының барысында бейбітшілік уақыттағыдан бес еседен аса өсті.

Советтер Одағына зұлымдықпен тап берген неміс-фашист әскерлері алғашқы кезде танктерінің саны жағынан едәуір басым болды. Жау-

дың бұл басымдылығын жою үшін еліміздің танк өнер кәсібінің аянбай жұмыс істеуі керек болды.

Соғыстың барысында қазіргі үлгілермен жасалған танктеріміздің саны бейбітшілік кездегі сондай танктердің санынан он бес есе асып түсті. (Қол шапалақтау). Мұның өзі ұрыс майдандарында біздің пайдамызға зор өзгеріс туғызды. Сталин жолдастың «немістердің танктер жарынан басымдылығын жоққа шығару, сөйтіп, біздің армияның жайын негізінен оңдау» жөніндегі алға қойған міндеті ойдағыдай орындалды. Оның үстіне, соғыстың барысында соғыс өнеркәсібіміз өздігінен жүретін ауыр және жеңіл зеңбіректер жасап шығарды. Соғыстың екінші жартысында ұрыс майдандарында біздің танктеріміз бен өздігінен жүретін зеңбіректеріміз басым болды. Мұның өзі ұрыстарда орасан кең көлемде маневр жасап, жаудың үлкен әскер топтарын қоршап алуымызға, жауды толық жойғанға дейін өкшелете қууымызға мүмкіншілік берді.

Соғыстың бас кезінде әуедегі ұрыс жағдайы да біз үшін қыйын болды. Самолеттердің саны жағынан жау едәуір басым болды. Авиация өнеркәсібімізді кеңінен күшейту арқасында біз соғыстың екінші жартысында әуедегі ұрыс жағдайында өз пайдамызға батыл өзгеріс туғыздық. Соғыстың аяқ шенінде соғыстың бас кезіндегіден бес есе өскен авиациямыз әуеле жаудан басым болып алды.

Техникалық әскерлерді күшейтумен қатар, армияның негізгі күші— жаяу әскер және оның соғыс техникасы күшейтілді. Соғыс жылдарында жаяу әскерлерге мейлінше көп автоматтар, танкке қарсы қолданылатын қарулар, зенит зеңбіректері, үлкен калиберлі пулеметтер, минометтер және басқа әр алуан қарулар берілді. Бұл техникалық жабдық жаяу әскердің қорғау және шабуыл жасау мүмкіншіліктерін едәуір арттырды, оның жауынгерлік міндеттерді аз адаммен ойдағыдай орындауына мүмкіншілік туғызды.

Әскердің басқа түрлері де күшейтіліп, техникалық жабдығы арттырылды.

Депутат жолдастар! Техникасы күшті мұндай үлкен армия құру үшін мемлекетіміздің бұл жолға орасан көп күш жұмсауы керек болды. Отанымызды қорғау жолына жұмысқа жарамды сан миллион адамдарын, көлік күші мен транспортының (автомашиналар, тракторлар, аттар) едәуірін берген еліміз, сонымен қатар, майданды түрлі жөнінде не керектің бәрімен қамтамасыз етуге тиіс болды.

Мұның бәрі әрине, еліміздің халық шаруашылығы үшін орасан зор қыйыншылықтар, халқымыз үшін қыйыншылық және тапшылық туғызды.

Қазіргі заман соғысының талаптарына толық сай келетін соғыс шаруашылығы, соғысты ойдағыдай жүргізуге керекті неше түрлі қорларының бәрі болмаса, еліміз соғыс уақытындағы бұл қыйыншылықтарды ойдағыдай жеңіп, Қызыл Армия сыяқты қуатты армия құра алмайтыны өзінен өзі түсінікті.

1931 жылы, Ұлы Отан соғысының басталуынан он жыл бұрын, социалистік өнеркәсіп қызметкерлерінің Бүкіл Одақтық Бірінші конференциясында Сталин жолдас былай деді:

«Біз алдыңғы қатардағы елдерден 50—100 жыл кейін қалдық. Осының кемін он жылдың ішінде еселеп толтыруымыз керек. Біз не осыны істейміз, не бізді жайратады».

Бізді ешкім жайратқан жоқ! Біз жеңіп шықтық. Бізге қарсы күресте, өзі жеңген Еуропаның барлық қорын пайдаланған, өнеркәсіп жөнінде ең қуатты елдердің бірі болып отырған Германияны жеңдік. Біз Сталиндік бесжылдықтардың елімізді мүлде өзгертуі арқасында жеңіп

шықтық, Советтер Одағы қуатты мемлекетке айналды. Соғыстың барысы және нәтижесі мұны толық ыспаттады. Ерекше қиын жағдайда социалистік шаруашылығымыз армиямызды қару-жаракпен, күрделі машиналармен, механизмдермен, жеткілікті мөлшерде азық-түлікпен және шикі затпен қамтамасыз етіп отырды.

Ұлы совет халқы, жұмысшылар мен жұмысшы әйелдер, колхозшылар мен колхозшы әйелдер, интеллигенциямыз өздерінің қажырлы еңбегімен, Қызыл Армияға соғыс техникасын және жауды жеңуге керекті басқа заттың бәрін беру үшін, не керектің бәрін істеді. Қызыл Армия, оның жауынгерлері, офицерлері мен генералдары өз халқының сенімін ақтады, жауды жеңу үшін еліміз берген техника мен қордың бәрін мейлінше толық және шеберлікпен пайдаланды.

Депутат жолдастар!

Европада соғыс аяқталды. Советтер Одағы үшін бейбітшілікпен даму дәуірі басталды. Біздің қарулы күштеріміз алдына жана міндеттер қойылды. Қарулы күштеріміз бұрынғысынша совет мемлекетінің соғыс қуатының аса маңызды тірегі, бейбітшілікті және әлемге бірдей хауіпсіздікті сақтау тірегі бола отырып, жаңа жағдайда отанымызға соғыс түсірген жараны тыныштықпен жазу, халқымыздың әл-ауқатын және мәдениетін арттыру мақсатымен тыныш еңбек ету мүмкіншілігін қамтамасыз етуі керек. Соғыс жеңіспен аяқталғандықтан біз бұл міндеттерді кем күшпен орындай аламыз, сондықтан соғыс кезіндегідей көп армия ұстауымыздың қажеті жоқ. Еліміздің мүддесі Қызыл Армияның санын азайтуды, үлкен жастағы жауынгерлерді үйлеріне, бейбіт жемісті еңбекке қайтаруды талап етеді. Біз бұл міндетті орындай аламыз.

Бұған сәйкес, Халық Комиссарлары Советі ССРО Жоғарғы Советінің XII сессиясының қарауына Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы заңның жобасын ұсынады. Жоба, ең алдымен, он үш үлкен жастағыларды босатуды көздейді.

Бірінші кезектегілер 1945 жылдың екінші жартысында қайтарылмақ. Армия қатарындағыларды үйлеріне қайтару жұмысының бәрін ұйымшылдықпен, жоспармен өткізу үшін осындай кезек белгілеу қажет болды. Темір жол транспортының жұмысты дұрыс атқарып отыруы үшін және үйлеріне қайтарылғандарды жұмысқа жақсы орналастыру үшін де осындай кезек қажет.

Армиядағы сан миллион адамдарды үйлеріне қайтару аса зор мемлекеттік маңызы бар жұмыс. Мұның үшін соғыс командованиясінің мейлінше ұйымшылдық көрсетуі керек, бұл міндетті орындаудың екжейтекжейлі жоспарын жасауы керек, армиядан босатылғандарды тұрмыс жағынан қамтамасыз ету жөнінде көп жұмыстар істеу керек. Армиядағыларды босату мұнымен бірге совет және партия орындары алдына аса маңызды саяси және шаруашылық міндеттер қояды. Бұл міндеттердің ең маңыздысы — Қызыл Армия қатарынан қайтарылған айбынды совет жауынгерлеріне аталық қамқорлық көрсету.

Нағыз халық үкметі болып отырған совет үкметі саясатының негізгі мәні армиядан босатылғандарға ерекше көңіл бөліп, қамқорлық көрсетуді көздейді.

Совет үкметінің, совет халқының өз жауынгерлеріне және олардың үй іштеріне қамқорлығы Ұлы Отан соғысы кезінде ерекше айқын көрінді.

Қазір, Қызыл Армия қатарынан босатылатындарға онан сайын зор көңіл бөліп, қамқорлық көрсету қажет.

Сталин жолдас бізге дүниедегі асыл қазыналардың ішіндегі ең қымбаттысы, ең асылы — адамдар, қызметкерлер деп үйретеді.

Сіздердің қарап бекітуіңізге ұсынылып отырған Заң жобасы адамдарға сталиндік қамқорлықтың айқын белгісі.

Заңның жобасы армия қатарынан босатылғандарды тұрмыс жағынан қамтамасыз ету жөнінде бірсыпыра шаралар қолдануды көздейді.

Заң бойынша, армиядан босатылғандар толық сыртқы киіммен, аяқ-киіммен және тұратын жерлеріне жеткенге дейін жол азықпен қамтамасыз етіледі.

Соғыс кезінде еліміз орасан көп қаражат жұмсаса да, үкмет армия қатарынан босатылғандардың бәріне қаржы жағынан едәуір көмек көрсетуге мүмкіндік тауып отыр. Заң жобасы бойынша, майдандары армиядан босатылғандардың бәріне, Ұлы Отан соғысы кезінде армияда қызмет еткен әрбір жылы үшін мынадай мөлшерде біржолғы ақшалай сыйлық берілуі белгіленеді:

Әскердің және соғыс қызметінің қай түрінде болса да, жалпы әскер тарифы бойынша ақшалай ақы алып келген қатардағы жауынгерлерге — қызметінің әрбір жылы үшін бір жылдық еңбек ақы;

Арнаулы бөлімдер мен бөлімшелердегі, арттырылған ақшалай ақы алып келген қатардағы жауынгерлерге — қызметінің әрбір жылы үшін жарты жылдық ақы;

Әскердің қай түрінде болса да сержанттарға — қызметінің әрбір жылы үшін өзінің қызмет ақысы мөлшерінде, әрісі 900 сом, кемі 300 сом мөлшерінде жарты жылдық ақы;

Отан соғысы кезінде қызмет еткен офицерлерге:

бір жыл қызмет еткендерге — екі айлық ақы,

екі жыл қызмет еткендерге — үш айлық ақы,

үш жыл қызмет еткендерге — төрт айлық ақы,

төрт жыл қызмет еткендерге — бес айлық ақы беріледі.

Мұның үстіне заң жобасы одақтас және автономиялы республикалардың халық комиссарлары советтеріне, еңбекшілер депутаттарының өлкелік, облыстық советтері атқару комитеттеріне, қалалық аудандарда кәсіпорындарының, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына армия қатарынан босатылғандарды тұратын жеріне келген күннен бастап әрі кеткенде бір айдың ішінде жұмысқа орналастыруды міндет етеді.

Заң жобасы бойынша, армия қатарынан босатылғандарды жұмысқа орналастырғанда олардың Қызыл Армияда алған тәжірибесін және мамандығын ескеріп, оларды армияға кетуден бұрын атқарған жұмысынан кем түспейтін жұмысқа орналастыру керек.

Заң жобасы армия қатарынан босатылғандарды пәтермен, отынмен қамтамасыз етуді көздейді.

Заң жобасы ауыл-селолық жерлердегі еңбекшілер депутаттарының советтеріне және колхоздардың басқармаларына армия қатарынан босатылғандардың жұмысқа орналасуы және шаруашылық құрастыруы жөнінде оларға толық көмектесуді міндет етеді.

Жау уақытша басып алған аудандарда еліміздің халық шаруашылығына немістердің орасан көп зиян келтіргені жұртқа мәлім. Қызыл Армия қатарынан босатылатын сол аудандардағы көп адамдардың шаруашылығы күйзелген немесе тіпті бүлінген. Сондықтан заң жобасы бойынша, жергілікті өкмет орындары мен колхоздар олардың өз шаруашылығын қалпына келтіруіне көмектесуге міндетті.

Одақтас және автономиялы республикалардың Халық Комиссарлары Советтері, еңбекшілер депутаттарының өлкелік, облыстық советтерінің атқару комитеттері, неміс басқыншылығынан зиян көрген аудандарда армия қатарынан босатылғандардың үй салатындарына немесе үйлерін жөндейтіндеріне, үй салатын ағаш дайындау үшін орманнан тегінге ағаш кесетін жер беруге міндетті.

Осы заң жобасы бойынша қала шаруашылығы және пәтер үй құрылысына қаржы беретін Бүкіл Одақтық банк, немістердің басқыншылығы

ғынан зыян көрген аудандарда, армия қатарынан босатылған мұхтаж адамдарға пәтер үйлер салуға және үйлерін қалпына келтіруге 5 жылдан 10 жылға дейін мерзіммен, 5000 нан 10.000 сомға дейін қарыз беруге міндетті.

ССРО Халық Комиссарлары Советі сіздердің бекітуіңізге ұсынып отырған заң жобасы бойынша, армиядан босатылғандарды қамтамасыз ету жөнінде қолданылатын негізгі шаралар осындай.

Бұл шаралардың бәрі — Ұлы Отан соғысында өздерінің отаны алдындағы борышын аброймен орындап, енді бейбіт еңбекке қайтқалы тұрған Қызыл Армия жауынгерлеріне совет ұкметінің және Сталин жолдастың қамқорлығының айқын белгісі.

Заң жобасы бойынша мұндай шаралар қолданудың хажеттігі айтпаса да түсінікті, өйткені, қазір төрт жыл бойына катал жауға қарсы қан төгіс ауыр күрес жүргізген, бұл күресте күшін де, жанын да аямаған, орасан қыйыншылық, ауыртпалық көрген, адам айтқысыз қаһармандық көрсеткен, сөйтіп, жауды толық жеңген айбынды жауынгерлерімізді қамтамасыз ету керек болып отыр. Отанымызға шын берілген, сертінен айнымаған, теңдесі жоқ ерлік, жауынгерлік шеберлік көрсеткен. Отаны үшін қан төккен Қызыл Армия жауынгерлері халқымызды күлдыққа түсуден, қырғынға ұшыраудан құтқарды.

Депутат жолдастар!

Майдандағы армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы сессияның қарауына ұсынылған заң жобасын бекітіп, мемлекетіміз бейбітшілік қалыпқа көшуде аса зор жұмыс істеген болып саналады. Қызыл Армияның саны кемиді, бірақ, Қызыл Армия бұрынғысынша социалистік Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігінің сенімді тірегі, бостандық сүйгіш халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қорғаудың қуатты қаруы болып қалады.

Советтер Одағының қарулы күштері келешекте де Ұлы Отанымызға лайықты дәрежелерде болу керек, Отанымызды қорғайтын мызғымас берік күшіміздің негізі — мемлекетіміздің соғыс-шаруашылық қуаты мұнан былай да, бейбітшілік жағдайында онан әрі өркендеп нығая беруі керек. Қазіргі міндет міне осы.

Жауды жеңгеннен кейін Қызыл Армия жайбарақаттана алмайды, Қызыл Армияның генералдары мен офицерлері жеңіспен аяқталған Ұлы Отан соғысының соғыс тәжірибесін мейлінше терең зерттеп, үйренуі керек. Совет елінің соғыс ғылымын жете үйреніп, онан әрі өркендете беруіміз керек. Қызыл Армияның жауынгерлік даярлығы, соғыс, саяси тәрбиесі жөніндегі жұмыстың бәрін Ұлы Отан соғысы туғызған жаңалықтармен ұштастыра отырып жүргізуіміз керек.

Қызыл Армия қатарынан қайтатын жауынгер жолдастарымыз игілікті ұлы істе Отанымызға барынша көмектесулері керек. Олар өздерінің бұл міндетін орындайтындығына сенеміз.

Депутат жолдастар!

Германияны күйреткен Советтер Одағының тарихи ұлы жеңісі ССРО Халық Комиссарлары Советінің Майдандағы армия қатарындағылардың алғашқы кезектегілерін босату туралы заң жобасын сіздердің қарауыңызға ұсынуына мүмкіншілік берді.

Советтер Одағының халықтары бұл тарихи жеңістің ұлылығын түсіне отырып, өздерінің барлық ойын, назарын жеңістеріміздің рух берушісі және ұйымдастырушысы, өздерінің данышпан көсемі және қолбасшысы Сталин жолдасқа аударады. (Бәрі де орындарынан тұрып, уралап ұзақ қол шапалақтады).

Сталин жолдас келешектегі қаһарлы ұрыстарды соғыстан көп бұ-

рын болжап, совет халқының күшін Отанымызды және Улы Октябрьдің табыстарын шег ел басқыншыларынан қорғауға даярлады.

Соғыстың ең ауыр күндерінде Сталин жолдас соғысқа басшылықтың ауыртпалығын өз міндетіне алды. Күресіміздің қай саласында болса да, стратегия, ұрыс өнері мен тактикасы, қарулы күштерімізді ұйымдастыру, топтастыру, жаңадан жауынгерлер мен командирлер даярлау, армияны соғыс техникасымен қаруландыру, жабдықтау, тылды ұйымдастыру жөнінде және елімізге басшылықтың басқа салаларының бөрінде — қай уақытта және қай жерде болса да біз Сталин жолдастың айнымайтын, тура басшылығын көріп отырдық. (Ду қол шапалақтау).

Сталин жолдас мемлекетіміздің алып күштерін жауға қарсы күреске аттандырды, отанымызды, совет халқын ұлы тарихи жеңіске жеткізді. (Қол шапалақтау).

Бұл жеңіс совет халқына жаңа күш беріп, еліміз соғыстың зардабын тез жоятындығына, бұрынғысынша халықтардың бейбітшілігі мен бостандығының мызғымайтын берік камалы бола отырып, шаруашылық және мәдениет майданында онан сайын өркендеу жолымен ойдағыдай алға басатындығына сенімімізді онан сайын күшейтеді.

Депутат жолдастар! ССРО Халық Комиссарлары Советі Майдандағы армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы заң жобасын сіздердің қарап бекітуіңізге ұсынады. (Қол шапалақтау).

Совет халқының тарихи ұлы жеңісі

М. Беленов

1945 жылғы 9 май адамзаттың тарихынан ілгері ұмтылған ақ ниетті күштердің кертартпа қаратүнек күштерді күйретіп, дүние жүзілік — тарихи ұлы жеңіске жеткен күні болып көрнекті орын алды. Келешектегі ұрпақтар бұл күнді адамгершіліктің жауыздықты жеңген ұлы мереке күні деп мерекелейтін болады. Ізгі, әділетті істің мерейі үстем болды. Неміс-фашист шапқыншылар ордасы толық талқандалып, Қызыл Армия мен одақтастар әскері алдында сөзсіз тізе бүкті. Гитлершілдер мемлекеті бір жолата талқандалып, жойылды. Гитлершілдер тобының дүние жүзіндегі халықтарды күлдыққа салып, өздерінің озбырлығын орнатпақ болған есуастық ниетінің күл-талқаны шықты. «Ұлы Отан соғысы біздің толық жеңіп шығуымызбен аяқталды. Европада соғыс дәуірі бітті. Бейбітшілікпен даму дәуірі басталды» (Сталин).



Неміс соғыскұмарлары Европа халықтарының бостандығы мен тәуелсіздігіне әрдайым қатерлі қауіп туғызып, апатты, қан төгіс қырғын соғыстар бастады. Бұл соғыстарда сан миллион адам қаза тапты, сансыз көп байлық жойылды.

Германия өзінің сыртқы саясатында ежелден бері арсыздық, екі жүздік, өркөкіректік әдістер қолданып келді, бір халықты екінші халыққа қарсы айдап салды, неше түрлі жауыздық және сұрапыл қылмыстар істеді. Дүние жүзінің халықтары немістердің соғыскұмар мемлекетін бостандықтың қатал жеңдеті деп біледі. Сондықтан да дүние жүзінің бостандық сүйгіш халықтары неміс соғыскұмарларын жексұрын көреді.

Гитлеризм бұрынғы Пруссия мемлекетінің ең арамзалық, жексұрын, барып тұрған кертартпалық қылықтарының бәрін иемденіп және онан да әрі үдетті. «Гитлершілдер партиясы. — деді Сталин жолдас Октябрь революциясының XXIV жылдығы туралы баяндамасында, — империалистердің, империалист болғанда, дүние жүзінің барлық империалистері ішіндегі ең жыртықшы және қарақшы империалистердің партиясы». Германияның өз ішінде нацистер ең қарапайым бостандықты, жұмысшы партиялары мен көсіпшілер одақтарын, парламентті жойды. Олар Европаның өздері басып алған елдерінде тонаушылық «жаңа тәртіп» орнатты, жергілікті елді қырғынға ұшыратты, халықтарды тәуелсіздігі мен бостандығынан айырды. Гитлеризм — демократиялық бостандықтардың қас жауы, орта ғасырлық, арам ниетті күштердің ұйытқысы екенін дүние жүзі біледі.

Гитлершілдер мемлекеті әсіресе славяндарға — ұлы орыс халқына қатты өшікті. Гитлер және оның серіктері біздің елге өшпенділігін тіп-

ті жасырмады. «Немістердің бүкіл дүние жүзін жаулап алуына, — деді Гитлер, — біз қандай жолмен болса да жетуіміз керек. Егер біз ұлы Германия империясын орнатқымыз келсе, ең алдымен славян халықтарын — орыстарды, поляктарды, чехтарды, словактарды, болгарларды; украиндарды, белорустарды жерінен қуып шығып және құртуымыз керек. Мұны істемеуімізге ешқандай себеп жоқ».

«Адам бейнесін жойып, жабайы аңдар дәрежесіне дейін төмендеген» (Сталин) адамдардың программасы осындай болды.

* * *

1939 жылғы сентябрьде Гитлер Германиясы дүние жүзілік екінші соғысты бастады. Оған дейін герман фашизмі Испанияға жорықты бастады, Испанияның кертартпа күштерінің бұл елде контрреволюциялық төңкеріс жасауына көмектесті, Англия мен Францияның ол кездегі үкіметтерінің қолдауымен, Австрияны және Чехословакияны басып алды. Гитлер Польшаға тап берді. Польшаның қылмысшы саясатшылары өздерінің елін, өздерінің халқын жауға сатып, опасыздық істеді.

1940 жылы Гитлер армиясы айтарлықтай қарсылыққа кездеспей, батыс Еуропаның бірсыпыра елдерін жаулап алды. Гитлер Германиясынан гөрі өз халқынан қатты қорыққан Францияның кертартпа буржуазиясы неміс-фашист армияларына қарсылық көрсетпей, өз еліне опасыздық етті. Германия—Италия әскерлерінің тегеурініне төтеп бере алмай, Балқан түбегінің елдері де жеңілді. Еуропа түгелінен дерлік гитлершіл империалистердің қолында болды. Еуропаның немістер басып алған шаруашылық және адам қорларының бәрі Германияның соғыс күшін нығайту, Советтер Одағына қарсы соғысқа даярлану жолына пайдаланылды.

Советтер Одағымен жасасқан тиіспеу туралы шартты опасыздықпен бұзып, Гитлер Германиясы 1941 жылғы 22 июньде біздің елге тұтқыылдан тап берді, сан мың танктермен, самолеттермен, зеңбіректермен қаруланған 170 дивизия әскерін Советтер Одағына қарсы аттандырды.

Бұл соғыс біздің ел үшін қолайсыз, ауыр жағдайда басталды. Ол кезде біздің армия әлі толық даярланбаған, шекарамызға жақындатылмаған еді. Қызыл Армияның танктері мен самолеттері әлі де жеткіліксіз еді.

Отанымызға қатерлі қауіп төнді. Сталин жолдас 3 июльде радио арқылы сөйлеген сөзінде бұл қауіпті көрсетіп, бүкіл совет халқын жайбарақаттылық пен бейғамдықты жоюға, фашист құлданушыларға қарсы Ұлы Отан соғысына аттануға, совет жерінің әрбір сүйемі үшін, әрбір қаламыз бен деревнямыз үшін жан аямай соғысуға шақырды. Сталин жолдас ұлы міндетті алға қойып, халқымызды еліміздің бүкіл тұрмысын, әрбір совет адамының тұрмысын жауды жеңу ісіне бағындыруға шақырды.

Сталин жолдас бізді мемлекетіміздің күшіне сендірді. «Біздің күшіміз ұшан-теңіз. Масайрап кеткен жрудың бұған жақында көзі жетуге тиіс». — деді Сталин жолдас 1941 жылғы 3 июльдегі сөзінде. Гитлершілдердің бұған көп ұзамай көзі жетті де.

Қызыл Армия уақытша шегінгенде, мұнымен бірге жауға еселеп қатты соққы беріп, оның күшін әлсірете берді. Ол кезде соғыстың барысында, армиямыз күшіне күш қосты, сан мың жана танктермен, самолеттермен және басқа қарулармен құралланды, жауға дәлдеп соққы беру өнерін меңгерді. Опасыздықпен тап берген неміс-фашист армиясының уақытша басымдылығы кейіннен жойылды. Ел ішінің беріктігі, армияның моральдық рухы, дивизиялардың және қару-жарактың санымен сапасы, қолбасшылардың ұйымдастырушылық қабілеті сыяқты баянды күштер істің тағдырын шешетін болды. Советтер Одағының халықаралық байланысы нығайды, Гитлерге қарсы одақтық күшейді.

Немістердің дәріптеліп жүрген, армиясы, Италия, Румыния, Финляндия және Венгрия әскерлерінің тікелей көмектескеніне карамастан, совет-герман майданында үсті-үстіне жеңіле бастады.

Москва түбіндегі қатты ұрыстарда Гитлер армиясы алғашқы рет ойсыраған үлкен жеңіліске ұшырап, лажсыздан қауырт шегіне бастады. Бұған дейін белсенділікпен қорғанып келген Қызыл Армия жеңіспен шабуыл бастады. Бірақ, біз жаудың әлі күшті екенін білдік, сондықтан онан сайын күшті қарқынмен, жаңа дивизиялар даярлап, қару-жарақ пен оқ-дәрінің аса маңызды түрлерінің бәрін онан сайын көп жасау керек болды. Күшейген соғыс өнеркәсібіміздің армияға беріп отырған маңдай алды техникасын шеберлікпен толық пайдалануды үйрену керек екендігін Сталин жолдас көрсеткен болатын.

1942 жылғы жаздың өзінде-ақ Гитлер Армиясы, соғыстың алғашқы айларындағыдай, барлық майданда бір мезгілде шабуыл жасай алмайтын болды. Бірақ, ол көп күшпен бір бағытта — оңтүстік-батыс бағытында шабуыл бастауға шамасы келді. Бұл шабуылда ол Грозный мен Бакуды басып алып, Волга өзеніне шығып, Москваны еліміздің оңтүстік аудандарынан бөліп тастап, Советтер Одағының астанасын сырт жағынан орап, оны тіке шабуылмен алуды көздеді. Бұл шабуылда Гитлер Германиясы, ол кезде, біздің Одақтастарымыздың екінші майданды ашпауын пайдаланды.

Сталинград түбіндегі, оған дейін болып көрмеген сұрапыл қатты ұрыстар Қызыл Армияның тамаша жеңісімен аяқталды. Немістердің 300 мың әскері қоршалып, толық талқандалды және үштің бірі қолға түсірілді.

Неміс-фашист армиясының Сталинград түбінде жеңілуі оның күннің батқандығы болды. Соғыстағы белсенділік Қызыл Армия қолына көшті. Қызыл Армия неміс басқыншыларды совет жерінен жаппай қуып шығуды бастады. Қызыл Армияның жауынгерлері мен командирлері жауға дәлдеп соққы беруді, жаудың адам күшімен техникасын рақымсыз жоюды жете үйренгендігін көрсетті. Осыдан былай, совет-герман майданында Советтер Одағының күші басым болды. Соғыстың барысында Советтер Одағы өзінің қорларын көбейтіп, барған сайын күшейе берді. Ал, фашистік Германия Қызыл Армияның және партизандардың үздіксіз соққысына кездесіп, әлсірей берді.

Севостополь мен Одессаны, Ленинград пен Москваны ерлікпен қорғау, Сталинград түбіндегі қатты ұрыстар неміс басқыншыларды бір жолата жеңуіміздің негізін қалады. 1942-1943 жылдардың қысында неміс-фашист армиясы Қызыл Армияның кең өріс алған шабуылын тоқтата алмайтын болды. Осы кезде, соғыс басталғаннан бері алғаш рет неміс-фашист әскерлеріне шығыстан біздер соққы беріп жатқанда, батыстан одақтастар әскері еселеп соққы берді. Солтүстік Африкада Англия-Америка әскерлері Италия мен Германия әскерлерін талқандады. Одақтастардың авиациясы Гитлер Германиясының соғыс өнеркәсіп орындарына еселеп соққы беріп, оның соғыс және шаруашылық күшін азайта берді. Бірақ, Германияның негізгі күштері әлі де шығыс майданында болды, соғыстың негізгі ауыртпалығын әлі де біздің армия көтерді.

1943 жылы отан соғысының барысында негізінен өзгеріс жасалған жыл болды. Қызыл Армия соғыс басталғаннан бері алғаш рет жазды күні үлкен шабуыл бастады, сөйтіп, немістердің, совет әскерлері жазды күні ойдағыдай шабуыл жасай алмайды деген естегісі түкке яспай қалды. Қызыл Армия немістердің күн ілгері даярлаған күшті қорғалу бекіністерін қыйрата отырып, батысқа қарай ұзақ алға басты. Қызыл Армия талай үлкен өзендерден өтіп шығып, Украинаның солжақ жағалауын немістерден тазартты. Қызыл Армия бір жылдың ішінде немістердің 4 миллион байырғы және негүрлым тәжрибелі солдаттары мен офицер-

лерін жойып, саптан шығарды, мұнымен бірге өзінің жауынгерлері мен офицерлерін көбейтіп, шынықтыра берді. Неміс командованиясы әскерінің сапасының нашарлауы есесіне, оның санын арттырып, 257 дивизияға жеткізді. Бірақ, соғыс қыймылдарының барысы әскердің сапасының кемуінің есесін дивизиялардың санын көбейтумен толтыруға болмайтынын көрсетті.

1943 жылдың жазында немістер ақырғы рет шабуыл жасауға әрекеттенді, бірақ, бұл әрекеті түкке аспай қалды. Қызыл Армия еселеп қатты соққы беріп, немістерді Днепрдің аржағына куды және неміс армиясын апатқа ұшырайтын халге жеткізді. Енді немістердің жан таласқан қарсы шабуылдары да, «мызғымайтын» қорғану камалдары да, «жаппай» мобилизациялары да күтқара алмайтын болды. Совет-герман майданындағы жағдай Гитлер Германиясы үшін барған сайын апатты бола берді.

1944 жылы Қызыл Армия Гитлердің шапқыншылық ордасына еселеп он дүркін қатты соққы берді. Бұл соққылардың нәтижесін де немістер Совет жерінен қуылды.

Январь да Қызыл Армия Ленинград түбінде немістердің күшті қорғану бекінісін талқандап, бұл қаһарман қаланы ұзаққа созылған, ауыр азапты қоршаудан азат етті. Немістер Прибалтикаға қуылды.

Февраль-март айларында Украинаның он жақ жағалауын, ал, апрель-май айларында Қырым мен Одесса азат етілді.

Июньде Финляндия әскерлері талқандалынып, Карель-Фин ССРның жартыдан артығы, оның ішінде Петрозаводскі және Выборг қалалары да азат етілді. Июньде майданның орталық учаскесінде Қызыл Армия немістердің ондаған дивизияларын талқандап, Белоруссияны, Литван ССРның жартыдан артығын, Польшаның едәуір жерін азат етіп, Германия шекарасына таялды. Июль-август айларында Батыс Украина неміс әскерінен тазартылды, Висланың арғы бетінде, Сандомир қаласының батыс жағында табан тірейтін күшті бекіністер жасалды. Августта неміс-румьндардың оңтүстік жақтағы әскерлері талқандалып және Молдаван ССР азат етілді. Румыния мен Болгария саптан шығарылды. Олар Германияға соғыс жариялады. Сентябрь-октябрь айларында Эстон ССР және Латвия республикасының жартыдан артығы азат етілді. Гитлершілдердің қаракшылық одағынан Финляндия да шықты. Октябрьде армиямыз Югославияның қаһарман халық азаттығы армиясына және Чехословакияға көмектесті. Венгрия жерінде неміс-венгер әскерлерін талқандау ұрыстарын жүргізді. Бұл кезде Қызыл Армия немістерді Печенга ауданынан қуып шығып, бізге одақтас Норвегия жеріне кірді және Киркинес қаласын алды.

Осылайша еселеп он дүркін соққы беру нәтижесінде Қызыл Армия жаудың 120 дивизиясын талқандап, саптан шығарды.

1944 жылғы июньде, үш ұлы мемлекет басшыларының Тегерандағы Конференциясының қарарларын орындау ретінде, одақтастар Батыс және Оңтүстік Европа жеріне (Францияға) әскер түсіріп, неміс армияларының позицияларына қатты шабуыл бастады. Гитлер Германиясы екі майданның қыспағында қалды.

Неміс армиясы көп ұзамай Орта Италиядан, Франциядан, Бельгиядан қуылды.

Біріккен Ұлттардың армиялары Германияның шекарасына жақындап, оны барған сайын қатты қыспаққа алды.

Фашистік Германияның соғыс, шаруашылық және халық аралық жағдайы орасан нашарлады. Бұрынғы итаршылары оның өзіне қарсы соғысқа шықты. Германия Францияның, Бельгияның, Балқан елдерінің және Европадағы басқа мемлекеттердің аса маңызды азық-түлік, шикі

зат қорларынан, өндіріс күштерінен айрылды. Германиямен қатынастың қанданып болса да тоқтатқан елдер көбейе берді. Біріккен Ұлттар Одағына қосылған мемлекеттер үздіксіз көбеюде болды.

Туған жерін біржолата азат еткен Қызыл Армияның ең ақырғы міндеті: Біріккен Ұлттардың армияларымен күш қосып, неміс-фашист армияларын талқандауды аяқтау, фашист айуанды оны өз үңгірінде туншықтыру, Берлин үстінде жеңіс туын тігу еді.

Бұл міндетті орындау үшін, Гитлер Германиясының тіршілігіне тұтқа болып отырған орталықтарына батыл шабуыл жасау үшін Қызыл Армия табан тірейдің позицияларға орналасты.

1945 жылғы 12 январьда Қызыл Армия Балтық теңізінен Карпат тауларына дейін бүкіл совет-герман майданында зор шабуыл бастады.

Ұзындығы 1200 километр кең майданда басталған мұндай шабуыл соғыстар тарихында болған емес. Бұл шабуылдың бірнеше апта ішінде мұндай табыстарға жетуі бұрын-соңды болып көрген емес. Жаудың «мызғымас» қорғану бекіністерін талқандай отырып, Гитлер армияларының жанталасқан қарсылығын жеңе отырып, жаудың жеріне аттанған бұл теңдесі жоқ ұлы жорыққа майдандар бірінен соң бірі қосыла берді. Шабуылдың барысында Қызыл Армия жаудың ондаған дивизияларын, тутас армияларын, өлкелерін қоршап алды, бұл кең қоршаулардан жаудың бірде-бір дивизиясы, бірде-бір полкін шашау шығармады. Мәселен; бүкіл Шығыс Пруссия совет әскерінің қоршауында қалды. Қоршалған неміс армиясы орасан көп шығынға ұшырағаннан кейін, лажсыздан қаруын тастап, қолға берілді. Ежелгіден келе жатқан қамалдары да, Гитлердің және неміс генералдарының Шығыс Пруссияны өлмей бермеу, ақырғы солдат қалғанға дейін қарсыласу туралы бұйрықтары да жауды апаттан құтқара алмады. Қызыл Армия Померанияға басып кірді, Одер өзенінің сағасына жетіп, немістердің орасан зор армиясының шегінетін жолдарын кесті, мұнымен бірге Балтық теңізінің оңтүстік жағалауындағы бірсыпра маңызды порттар мен соғыстеңіз базаларын азат етті.

Мұнымен қатар, неміс-фашист әскерлері, ондаған маңызды соғыс заводтары және көмір шахталары бар Жоғарғы Силезиядан қуылды.

Қызыл Армиямен бірге Польшаның, Югославияның, Болгарияның, Чехословакияның және Румынияның әскер бөлімдері де ортақ жауға қарсы шабуыл жасады.

Совет-герман майданының орталық учаскесінде Қызыл Армия батыл қыймыл жасап, бізге одақтас Польшаны неміс басқыншылардан тазартты, Бранденбург өлкесіне кірді. Бұл өлкеде совет әскерлері Берлинге неғұрлым жақын таялды.

Қысқы шабуылдың барысында күрделі қыймыл жасаған Қызыл Армия бүкіл Гитлер Германиясын және оның соғыс күшін шайқалтты. Неміс командованиясы ондаған дивизияларын Батыс майданынан Шығыс майданына жіберді. Одақтастардың Еуропаға келіп түскен әскерлері мұнан пайдаланып, 23 февральда Батыс және Оңтүстік-Батыс Германияда бүкіл майданда шабуыл бастады. Англия-Франция-Америка әскерлері «Зигфрид» қамалдарынан, бір ғана елеулі су кедергісі Рейн өзенінен өтіп, Германияның кең даласына шықты. Көп ұзамай өнеркәсіпті Рур ауданы қоршауға алынып, неміс армияларынан тазартылды. Одақтастар әскері еш жерде неміс гарнизондарының айтарлықтай қарсылығына кездеспей, ешбір шығынсыз дерлік шапшаң алға баса отырып, Германияның орталығындағы Эльба өзеніне жақындады.

Қызыл Армия мен одақтастар әскерлерінің тамаша табыстарға жеткен жағдайда Қырымда ұлы одақтас мемлекеттердің басшылары бас қосты. Конференцияның бір ауыздан қабылданған қарарлары Германияға қарсы ұлы мемлекеттер одағының, Германияға қарсы соғыс жүргізуге және Германия жеңілгеннен кейін бейбітшілік орнатуға байланысты мә-

селелерді ынтымақпен шешуге ұмтылатынын тағы да айқын көрсетті. Бас штабтардың өкілдері соғыстың қорытынды кезеңінде ұрыс қыймылдарын бір ізбен жүргізуге келісті.

21-апрельге қараған түнде совет әскерлері фашистік Германияның астанасы — Берлинге таяу жердегі немістердің күшті қорғану бекіністерін бұзып өтті. Бұл соңғы шабуылда ұлы Сталин бастаған Қызыл Армия, өзінің, жаудың армиясынан басымдылығын, өнері мен ерлігінің күштілігін көрсетті.

Шабуылдың басталуынан үш күннен кейін Қызыл Армияның алдыңғы отрядтары Берлинге кірді. Мұнымен қатар I-Белорус және I-Украин майдандарының әскерлері Берлин гарнизонын қоршау ұрыстарын жүргізіп, мұны 25 апрельде жеңіспен аяқтады. Берлин гарнизонын қоршауды көздеген аса қиын ұрыс қыймылдары тамаша тынақтылықпен, мүлтіксіз жүзеге асырылды. Совет соғыс өнерінің мейлінше өскендігі бұл жолы да айқын көрінді. Барған сайын қиындаған күрделі міндеттерді орындауға Қызыл Армия үнемі күш тауып отырды. Берлиннің көшелеріндегі қатты ұрыстар 2 майда совет қаруының тамаша жеңісімен аяқталды. Берлинді қорғау күштерінің бастығы талқандалған неміс гарнизонының қалдықтарына қару тастауға бұйырды.

Неміс шапқыншылары мен кертартпаларының жылан ұясы болып келген, герман империализмінің астанасы құлады. Берлин үстінде біздің жеңіс туымыз тігіліп, фашистердің озбырлығынан толық азат болған күн туғанын бүкіл әлемге хабар етті.

Берлинді қоршасымен Қызыл Армия Эльба өзеніне жетіп, бұл жерде одақтастардың әскерімен қосылды. Сөйтіп, неміс әскерлері екіге жарылып, Германияға қарсы одақтастар армияларының майданы бірікті. «Бұл жағдай, — деді Сталин жолдас 1 майдағы бұйрығында, — Гитлер Германиясының біржолата күйреуінің көрсетіп отырғанына күмән болмауға тиіс. Гитлер Германиясының күні санаулы». Іс жүзінде де көп ұзамай Солтүстік Италиядағы, Солтүстік-Батыс Германиядағы, Даниядағы неміс әскерлері және Бреслаудағы қоршауда қалған неміс гарнизоны тізе бұқты. 7 майда Германия лажсыздан тізе бұгу туралы алдынала жасалған протоколға қол қойды, ал 8 майда Берлинде неміс командованиясінің өкілдері, одақтастардың Жоғарғы командованиясінің өкілдері алдында тізе бұгу туралы түкпілдікті актыға қол қойды.

Совет халқы дамылсыз көп еңбек сіңірген, мұның үшін сансыз құрбандық беріп, көп азап көрген, 4 жылға таяу уақыт бойына күткен тарихи ұлы жеңіс күні туды. Еуропа халықтарының бәріне бахытты тұрмысқа жол ашқан күн туды. «Бүгіннен бастап Еуропа үстінде халықтар бостандығының және халықтар арасындағы бейбітшіліктің ұлы туы желбірейді» (Сталин).

Халқымыздың берген құрбандығының бірде-бірі босқа кетпеді. Гитлер Германиясы және оның армиясы қай жағынан болса да қатты жеңілді. Залым жау талқандалып жүгіндірілді. Елдегі жұмысшылардың, шаруалардың және интеллигенцияның қажырлы еңбегі, Қызыл Армияның майдандардағы жауынгерлік ұлы қыймылы бізді толық жеңіске жеткізді.

«Өздерінің тіршілігін және өздерінің тәуелсіздігін қорғаған славян халықтарының ғасырлар бойы күресі неміс басқыншыларын және неміс зорлықшыларын жеңумен аяқталды» (Сталин).

Данышпан большевиктік партия жігерлендіріп бастап отырған совет халқы өз отанының намысын, тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалды. Халқымыз өзінің тұрмысын гүлдендіруге, бұрынғыданда байлыққа кенелтіп, бақытты етуге, совет мемлекетінің қуатын оған сайып арттыруға мүмкіндік алды.

Бүкіл дүние жүзінің бостандық сүйгіш халықтары, әсіресе бірнеше жыл бойына Германия құл иеленушілерінің тепкісінде болған Европа халықтары фашистік Германияны бір жолата жеңген күнді өздерінің ең қуанышты мерекесіндей қарсы алды. Кеменгер Сталиннің: «Европада соғыс дәуірі бітті. Бейбітшілікпен даму дәуірі басталды» деген сөздерін дүние жүзі зор шаттықпен тыңдады.

Мәдениетті дүниені фашистік кеселден кұтқарғаны үшін қаһарман совет халқына және оның армиясына Европа халықтары мәңгі алғыс айтады. Соғыстар тарихында болып көрмеген бұл соғыстың негізгі ауырталдығын совет халқы көтерді. Оның асқан қажырлы еңбегі, көп құрбандығы арқасында, гитлершілдердің қарақшылық мемлекеті және неміс-фашист армиясы талқандалып, біржолата құрылды. Дүние жүзіндегі басқа ешбір халық, басқа ешбір мемлекет мұндай ауыр сындарға төтеп беріп, мұндай күшті және қауіпті жауды жеңе алмаған болар еді. Бүкіл халық, әрбір адам, үлкені бар, кішісі бар бәрі де отанымыздың игілігі жолына еңбек сіңірді. Сталин жолдас жоғарғы дәрежесі және оншама көп білімі жоқ адамдарды «тетіктер» деп, атады. Олар «ғылымның, шаруашылықтың және соғыс ісінің барлық салаларында ұлы мемлекеттік механизмге қуат беріп, ширатып отыратын» күш болды.

Майданда және елде орыс халқының ерекше ұлы міндет атқаруы арқасында, оның айқын ойы, табандылығы, төзімділігі арқасында, оның асқан отаншылығы, өзінің совет үкіметіне шын берілгендігі арқасында біз бұл қатты соғыста жауды күйретіп, тамаша жеңіске, жеттік. Ұлы орыс халқы «бұл соғыста еліміздің барлық халықтары арасында Советтер Одағының басшылық күші деп бүкіл жұрт танырлық еңбек сіңірді», ал 1941-1942 жылдарда ең ауыр халге ұшыраған кезімізде оның совет үкіметіне сенімі «адамзаттың жауы-фашизмді күйреткен тарихи жеңісті қамтамасыз еткен шешуші күш болды».

Азат етуші — елімізге бүкіл дүние жүзінің халықтары алғыс айтып, зор хұрмет көрсетеді. Олар біздің мемлекетті — бостандық ісін қандай шапқыншылықтан болса да сақтайтын, соғыс қылмысшыларын мейлінше қатты жазалайтын ең бейбітшіл ел деп таныйды. Советтер Одағы халықтардың бостандығын, тәуелсіздігін, олардың тығыз ынтымағы мен достығын көздеген хасиетті және әділетті істі бар күшімен, тырнақтылықпен батыл қорғап қалғанына және қорғайтынына барлық халықтардың көзі жетті. Халықтардың достығы мен туысқандығының идеологиясы немістердің қарақшы шовинистік және басқа нәсілдерді жек көрушілік идеологиясын жеңіп шықты. Мұның өзі совет халқының бұл соғыстағы ең ұлы жеңістерінің бірі болды.

Елімізде социализмнің жеңуі арқасында, совет еңбекшілерінің рух беруші отаншылдығы арқасында, біздің елдің шаруашылығы жаудың шаруашылығымен жекпе-жек күресте жеңіп шықты. Халық шаруашылығын социалистік жолмен ұйымдастырудың артықшылығы соғыстың барысында өте-мөте айқын көрінді. Совет мемлекеті және оның шаруашылығы бұл соғысты бұрынғысынан да күшейіп, бұрынғысынан да нығайтып аяқтады.

Ең азат құрылыс — совет құрылысының соғыс, шаруашылық және адамгершілік саясат майданындағы жеңісі Европаның азат етілген елдерінің жаңа үкіметтерінің ішкі және сыртқы саясатына күшті әсер еткені және әсер етіп отырғаны түсінікті. Бірсыпра мемлекеттердің, ең алдымен славян елдерінің саяси және шаруашылық тұрмысында, кертартпалықты түп-тамырынан қыятын, халықтардың тез өркендеуіне жол ашатын демократиялық үлкен өзгерістер жасалуда.

Сонымен, ұлы жеңіс арқасында, қазіргі уақытта бостандық сүйгіш барлық халықтардың баянды бейбітшілігіне, достығы мен ынтымағына бәрік негіз қалануда. Гитлер Германиясына қарсы күресте мол төккөй

қанымен нығайтылған славян халықтарының достығы жалпы хауіпсіздікті және бостандық сүйгіш барлық халықтардың достығын баяндатады. Славян мемлекеттері алдына бұған дейін өздерін араздастырып келген және өздерінің өмір сүруіне хауіп туғызған себептердің бәрін тұтамырымен кұрту міндеті қойылып отыр. Поляк, Чехословак, Югослав Болгар халықтарының ұлы орыс және біздің Советтер Одағының басқа да халықтарымен тығыз ынтымағы, туысқандық қарым-қатынасы — Славян елдерінің мызғымайтын берік бірлігіне кепіл. Достық, өзара көмек және соғыстан кейінгі ынтымақ туралы шарттар жасап туысқандық байланыстың нығайтылуы — славян халықтарының Ұлы Отан соғысы кезіндегі зор табысы.

Сталин жолдас совет халқы алдына, соғыс түсірген жараны неғұрлым тез жазу, совет мемлекетінің соғыс және шаруашылық қуатын онан сайын арттыру міндетін қойды. Немістер қыйратқан халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін, азат етілген Украинада, Белоруссияда және басқа республикаларда қазірдің өзінде көп жұмыс істелді. Мәселен, Донбасс қазірдің өзінде елімізге көмірді Советтер Одағының басқа тас көмір бассейндерінің қайсысынан болса да көп бере бастады. Оңтүстікте қазірдің өзінде 16 домна, 47 мартен қалпына келтірілді. Бірақ, бұл істің алғашқы қадамы ғана. Неміс жауыздары талқандаған қалаларды селоларды қайта салып қалпына келтіру үшін әлі де көп күш, көп еңбек жұмсау керек болады.

Бұл міндетті неғұрлым қысқа мерзім ішінде орындауға біздің елдің толық мүмкіншілігі бар. Отан соғысы кезінде социалистік өнеркәсібіміз едәуір өсті. Сібірде, Орта Азияда, Оралда және еліміздің басқа аудандарында жаңа заводтар, шахталар, Электр станциялары салынды. Өнеркәсіптің байырғы жұмысшыларының қатары, еңбек өнімділігін арттырып мол тәжірибесін алған миллиондаған жаңа жұмысшылармен толықтырылды.

Социалистік ауылшаруашылығы көктемгі егісті ойдағыдай өткізді. Быйылғы жеңіс егіннен мол өнім алғалы отырмыз. Мұны тек мезгілінде ысырапсыз жыйнап алу керек.

1945 жылдың екінші жартысында майдандағы армияның алғашқы кезектегілері — он үш жылғы жасы үлкендері босатылады. Сөйтіп, жауынгерлер мен офицерлердің едәуірі бейбіт еңбекке қайтады. Қала мен деревняның сан миллион еңбекшілерімен бірге олар халық шаруашылығын онан сайын тез өркендетеді.

Советтер Одағының Қызыл Армиясы соғыстың аяғында өзінің күшімен тәжірибесін бұрынғысынан да арттырды. Еліміздің қарулы күштері бұрынғысынанша бейбітшіліктің және жалпы хауіпсіздіктің күшті тірегі болып қалады. Қызыл Армиядағы жасы үлкендердің босатылуы бейбітшілік кұрылыс жағдайын және демократияшыл елдердің достығын сақтау ісінде оның міндетін кемітпейді.

Ортақ жауды күйреткен ұлы жеңісті баяндауды және бейбітшілікпен хауіпсіздік сақтауға қолайлы жағдай туғызуды көздеген бүкіл дүние жүзі халықтарының күресіне Советтер Одағы жетекші болып отыр.

Ұлы жеңіспен, ұлы көсеміміз Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдасын үндеуімен жігерленген жұмысшылар, колхозшылар мен интеллигенция Ұлы социалистік отанымыздың игілігі үшін онан сайын күшті қажырлылықпен еңбек етеді.

Келешектегі бахытты, қуанышты тұрмысына күшті сеніммен еліміз бейбітшілікпен өркендеу дәуіріне аяқ басты.

Ленин—Сталин партиясы бастаған, ұрыс және еңбек майдандарында шыныққан совет халқы отанымыздың данқы үшін жаңа жеңістерге қарай алға басады. Отанымыздың қуатын онан сайын арттыруға совет халқы керегінше күш таба алады.

Тұңғыш большевиктік съез (РСДЖП ІІІ съезінің 40 жылдығына)

Ф. Сафонов

1945 жылы Ленин—Сталин партиясы, Советтер Одарының халықтары алғашқы орыс революциясының 40 жылдығын өткізеді. Владимир Ильич Лениннің анықтауынша, 1905 жылғы революция 1917 жылғы Ұлы Октябрь социалистік революциясының күш байқаған негізгі сынағы болды. Алғашқы орыс революциясы күндерінде (25 апрель—10 май) Лондонда РСДЖПның ІІІ съезі өткізілді. Қатысқан өкілдері мен қабылдаған қарарлары жағынан бұл тұңғыш большевиктік съез болды. Большевиктерді идея және ұйымдасу жағынан топтастыру, империализм дәуіріндегі буржуазиялық-демократиялық революцияда социал-демократияның революциялық тактикасын белгілеу жөнінде бұл съездің орасан зор маңызы болды.

ІІІ съез үшін күрес

РСДЖПның ІІ және ІІІ съездері арасындағы дәуір партиямыздың тарихындағы ең маңызды дәуірлердің бірі болды. Ленин бастаған большевиктер ІІІ съездің қарсаңындағы уақыттың ішінде пролетариаттың революцияшыл партиясын, жаңа түрдегі партияны нығайту үшін қатты күрес жүргізді және партияны ІІ съезден алға бастамай, қайта кері тартқан, ұйымдасу жағынан бытыраңқылыққа, үйірмешілдікке, шалағайлыққа тартқан, сөйтіп партияның берекесін бұзуға тырысқан меншевиктерге қарсы күресті. Бұл дәуірдегі ұйымдасу мәселелері жөніндегі алалыққа тактика мәселелері жөніндегі ала ауыздық қосылды. Н. А. Рубакиннің «Кітаптар арасында» деген кітабында басылған «Большевизмнің тууы» деген мақаласында Ленин, ол кездегі партия ішіндегі күрес туралы былай деп жазды: «1903—1904 жылдарда күрес көбінесе меньшевиктердің ұйымдасу мәселелері жөніндегі оппортунишылдығы төңірегінде болды. 1904 жылдың соңынан бастап басты мәселе тактика жөніндегі айырмашылық болды». (Шығармалар жыйнағы, XVI том, 250-бет).

Большевиктердің ІІІ съезі үшін күресі 1903 жылдың күзінде басталды. Бұл күрес меньшевиктер партияның ІІ съезінің артынша съездің қарарларын аяқсыз қалдыруды, партияның басшы орталық орындарын өз қолдарына алуды көздеген жікшілдік, берекені бұзушылық әрекет жүргізе бастағандықтан болды.

Меншевиктердің жікшілдік және тәртіп бұзушылық әрекетіне Плеханов көп көмектесті. Ол 1903 жылғы октябрьдің аяқ шенінде меньшевиктер жағына шығып, РСДЖПның ІІ съезі қабылдамаған бұрынғы меньшевик редакторлардың бәрін «Искра»ның редакциясына шақырды. Мұның өзі партия съезінің қарарын бұзғандық және оппортунистіктің жетегіне ергендік болды. Сондықтан, Ленин, лажсыздан, «Искра»ның редакциясынан шықты. «Искра» 1903 жылғы ноябрьден бастап меньше-

виктер газетіне айналды. Партияның Ресейдегі комитеттері Плехановтың бұл істеріне қарсы наразылық білдірді.

«Искра»ның редакциясынан шыққаннан кейін Ленин партияның Орталық Комитетінің қатарына алынды. Ол, осы Орталық Комитет қатарында отырып, оппортунистерге соққы беруге, РСДЖП ІІ съезінің қарарларын қорғауға, партияның ІІІ съезін шақыру үшін күресуге ұйғарды.

Меньшевиктер «Искра»ны өз қолдарына алғаннан кейін партияның Советі де олардың қаруы болды. Плехановтың көмегімен меньшевиктер партияның советінде көпшілік болып алды. Меньшевиктік «Искра» партия советінің көмегімен ІІ съездің қарарларына қарсы науқан ашты, партия ішінде ұйымдасу жөніндегі берекесіздікті қостап үгіт жүргізе бастады, жұмысшыларды либерал буржуазияны қолдауға шақырды. Сөйтіп, РСДЖП қатарында партия дағдарысы туды.

Бұл дағдарысты жою мақсаты мен большевиктер партияның кезекті съезін тез шақыруды талап етті. 1903 жылғы декабрьде Ленин партияның Орталық комитетінің Ресейдегі мүшелеріне жазған хатында: «Тек съез ғана кутқара алады. Оның ұраны: тәртіпті бұзушыларға қарсы күресу... Барлық күштерді жұмылдыру керек, бәрі де қалмастан комитеттерге, жер-жерді аралауға шығуы керек» деп жазды. (XXVIII том, 308-бет).

1904 жылы партия советінің январьдағы сессиясында Ленин және оны жақтайтындар РСДЖП ІІІ съезін шақыруды ұсынды. «Біз—деп жазды Ленин Орталық Комитеттің партия советіндегі өкілдерінің өзі жазған ерекше пікірінде,— партияның үздіксіз таласынан кұтылуға мұнан басқа ешқандай адал және дұрыс жол жоқ, партияның орталық орындарының мүшелері жөнінде мұндай орынсыз күресті тоқтату партия съезін дереу шақырудан басқа ешбір амал жоқ деп мәлімдейміз», мұнан басқа ешқандай амал жоқтығын біз батыл және үзілді-кесілді жариялаймыз— (VI том, 148-бет).

Партияның съезін шақыру туралы бұл ұсынысты меньшевиктік көпшілік қабылдамады. 1904 жылғы февральдың бас кезінде, ымырашылдар үстем болған партияның орталық комитеті де съез шақыруды қостап үгіт жүргізуге тыйым салу туралы қарар шығарып, меньшевиктермен келісуді қостады.

Партияның съезін шақыру жолымен, партия дағдарысын жоюды көздеген Ленинді және оның жақтаушыларын РСДЖПның Ресейдегі жергілікті комитеттерінің көпшілігі қолдады. Бұл комитеттер өздерінің қарарларында партия съезін шақыруды талап етті, партияның меньшевиктік советінің және ымырашыл Орталық Комитетінің қарарларына қарсы наразылық білдірді. ұйымдастыру жөніндегі берекесіздікті, партия тәртібін нашарлауды, оппортунишылдықты дәріштеуді көздеп, бет алды үгіт жүргізгені үшін меньшевиктік «Искраны» айыптады.

Меньшевиктер партияның орталық мекемелерін өз қолдарына алуы большевиктерді қыйын халде қалдырса да, Ленин және оның жақтастары бұған қарамастан, партияның жергілікті комитеттерінің көпшілігіне сүйене отырып, партияның ымырашыл орталық комитетіне соқпастан, бұрынғы «Искра»ның ұйымдасу принциптері негізінде партия кұру, бұл партияны нығайту, революцияшыл тактиканы тыянақтылықпен жүргізу және партияның ІІІ съезін шақыру үшін батыл күрес жүргізді.

Лениннің 1904 жылғы көктемде шығарылған «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген атақты еңбегінің бұл күресте ерекше маңызы болды. Бұл кітабында Ленин РСДЖП ІІІ съезінде және онан кейін большевиктер мен меньшевиктер арасында болған күресті тереңінен талдап тексере келіп, меньшевиктердің оппортунишылдығын айқын көрсетті, бұл оппортунишылдықты әшкерелеп, оның ІІ Интернационалға қараған басқа партиялардағы оппортунишылдықпен ұштасып отырғанын көрсетті, большевиктік партияның ұйымдасу негіздерін ғылыми жолмен дәлелдеді.

«БК(б)П тарихының қысқаша курсында» бұл кітап туралы былай делінді: «Бұл кітаптың тарихи маңызы — бұл кітапта Ленин марксизмнің тарихында бірінші болып, пролетариаттың басшы ұйымы ретіндегі, пролетариаттың қолындағы негізгі құрал ретіндегі партия туралы ғылымды жасап шығарды, мұндай құралсыз пролетариат диктатурасы жолындағы күрестің жеңіп шығуы мүмкін емес.

Лениннің «Бір адым ілгері, екі адым кейін» деген кітабының партия қызметкерлері арасында таралуы арқасында жергілікті ұйымдардың көпшілігі Лениннің тәңірегіне топталды». (53-бет).

1904 жылғы июльде партияның ымырашыл орталық комитеті декларация жариялап, меньшевиктерді жақтады, олардың ыркыша көніп; Ленинге қарсы шықты. Ал, Ленин партияның Ресейдегі комитеттерінің көпшілігіне сүйеніп, партияның III съезін шақыру үшін оған сайын күшті жігермен күресті. Большевиктердің пікірінше III съез партия ішіндегі дағдарысты жойып, оның қатарын нығайтуға, революцияшыл тактиканы белгілеуге тиіс еді.

1904 жылғы августа Женевада 22 большевиктің бас қосқан мәслихаты болды. Партияның III съезін шақыруға даярлану ісінде бұл мәслихаттың ерекше маңызы болды. Мәслихат «Партияға» арнап үндеу қабылдады. Ленин жазған бұл үндеуде меньшевизм рақымсыз қатты сыналды, оның таптық мәні және тәртіп бұзушылық әрекеті көрсетілді. Бұл үндеуде «Искра» газеті туралы, меньшевиктердің бұл газетті партияның патша үкметіне және буржуазияға қарсы күрестегі идеология жағынан басшысы болмай, оны партияға қарсы күрестің құралға айналдырғаны көрсетілді. Бұл үндеуде орыс социал-демократиясының басты міндеті мына түрде белгіленді: «Дағдарыстан шығу үшін, біз, партияның III съезін дереу шақыру керек деп білеміз. Тек съез ғана жағдайды анықтап, жанжалды жайғастырып, күресті белгілі бір қалыпқа түсіре алады. Онысыз партияның ыдырауының тек үдей беруі мүмкін.

Съез шақыруға қарсы дәлелдердің бәрін біз мүлде негізсіз деп есептейміз» VI том, 356 бет).

Женевада 22 большевиктің бас қосқан мәслихатында қабылданған бұл үндеуді партия ұйымдары белсенділікпен үн қосып қарсы алды, бұл үндеу партияның III съезін шақыруды көздеген күресте большевиктердің программасы болды.

1904 жылдың күзінде большевиктерді жақтайтын комитеттердің үш конференциясы өткізілді. Біріншісі — төрт комитеттің басын қосқан Кавказ конференциясы, екіншісі — үш комитеттің басын қосқан Оңтүстік конференциясы, үшіншісі — бүкіл орталық өнеркәсіпті облыстың комитеттерін біріктірген Солтүстік конференциясы. Бұл үш конференцияның үшеуі де Лениннің бағытын қостайтынын білдірді және партияның меньшевиктер қолындағы орталық орындарын айыптап, партияның III съезін шақыруды қолдады. Осы конференцияларда Ленин бастаған көпшілік комитеттерінің бюросы құрылды. Бұл бюро жергілікті комитеттердің орталық комитетке, оның ымырашылдық бағытына қарсы наразылығын ұйымдасу жағынан бір ізге салды. Іс жүзінде большевиктік фракцияның басшы орталығы болған көпшілік комитеттерінің бюросы партияның III съезін шақыру, сол сыяқты жергілікті большевиктік комитеттердің барлық жұмысын жолға қою жөнінде көп жұмыс істеді. Көпшілік комитеттері бюросының мүшелері Ресейдегі партия комитеттерінің бәрін аралап, партиядағы істің жайы туралы баяндамалар жасады және партия съезін шақыруға даярлық жүргізді. Бюро мүшелерінің комитеттерді аралауы Ресейдегі партия ұйымдарының басым көпшілігі меньшевиктерге қарсы шығып, партияның III съезін неғұрлым тез шақыруды қостайтынын көрсетті.

Көпшілік комитеттері бюросының құрылуымен қатар, Ленин большевиктердің өздерінің жауынгер революцияшыл газетін шығаруға тырысты. Бұл газет 1904 жылдың аяқ шенінде шығарылды. Лениннің ұсынысы бойынша газет «Вперед» деп аталды. Газеттің шығарушылар алкасында Ленин, Ольминский, Луначарский, Боровский болды. «Вперед» газетінің шығуына арналған хатта Ленин: «Біз ұйымдасу, сол сыяқты тактика мәселелеріндегі берекесіздікке, ауытқушылыққа қарсы ұстамды революцияшылдық үшін күресеміз және күреспекпіз» деп жазды. (VI том, 373-374-беттер).

Лениндік «Вперед» газеті партияның III съезін шақыру күресінде, 1905 жылғы революциядан большевиктердің тактикалық жолын белгілеуіне зор міндет атқарды. Бұл газеттің алғашқы саны жаңаша есеппен 1905 жылғы 4 январьда шықты.

Жұмысшы табының революцияшыл партиясын топтастыруды, партияның III съезін шақыруды көздеген Лениннің меньшевиктерге қарсы күресіне Сталин жолдас бастаған Закавказье большевиктері зор көмек көрсетті. Лениннің жолын қуған шәкірті және серігі Сталин жолдас өзіне біткен большевиктік бағылдықпен, табандылықпен меньшевиктерге қарсы қатты күресті, лениндік идеяларды қорғап, онан әрі дамытты, партияның III съезін шақыруды қолдаған күресті ұйымдастырды. Сталин жолдас РСДЖПның Кавказ Одақтық Комитетінің жұмысына басшылық етті, Закавказьеінің аудандарын (Батум, Чиатуры, Кутаис, Тифлис, Баку және Батыс Грузияның шаруалары көп аудандары) үнемі аралап отырып, партияның бұрынғы ұйымдарын нығайтып, жаңа ұйымдарын құрды, үндеулер, мақалалар жазды және большевиктердің «Пролетариат күресі» газетінің редакциясын басқарып, жұмысшыларды патша үкметіне қарсы күреске ұйымдастырды.

Осы дәуірдің өзінде-ақ Сталин жолдас партиямыздың аса көрнекті теорияшысы болды. Бұл кезде жазған мақалалары мен кітапшаларында Сталин жолдас меньшевизмнің таптық мәнін, оның кертартпалық саясатын әшкереледі, партия құрылысының лениндік принциптерін таратып, онан әрі дамытты, пролетариаттың шын марксистік партиясы үшін революциялық теорияның маңызы туралы марксистік ғылымды белгіледі.

«Социал-демократия ұлт мәселесін қалай түсінеді» деген мақаласында И. В. Сталин партияның ұлт мәселесі жөніндегі программасын дәлелдеп түсіндірді, пролетариатты ұлтына қарай жікке бөлуді көздеген опортуншылдық принципті өлтіре сынады, пролетариаттың таптық ұйымдарының интернационалдық түрде құрылуын тырнақтылықпен қорғады. «Пролетариат күресі» газетінде басылған «Пролетарлар табы мен пролетарлар партиясы» деген мақаласында Сталин жолдас пролетариаттың марксистік партиясы құрылысының лениндік ұйымдасу принциптерін қорғап, дамытты.

1905 жылдың бас кезінде Сталин жолдас өзінің «Партия ішіндегі алауыздық туралы бірнеше сөз» деген тамаша кітапшасын жазды, бұл кітапшада Лениннің «Не істеу керек» деген кітабында данышпандықпен белгіленген лениндік идеяларды қорғады, партияның бет алды жайылуын қостаған опортуншылдық теорияны қатты сынады, социализмнің жеңуін көздеп, патша үкметіне, буржуазияға қарсы күрес жүргізуші жұмысшы табының бұл күресінде революцияшыл партияның және революцияшыл теорияның ролі мен маңызын дәлелдеп, дамытты. «Жұмысшы қозғалысы, — деп жазды Сталин жолдас, — социализммен қосылуы керек, іс жүзіндегі қызметі теориямен байланысты, бет алды қозғалысқа социал-демократиялық мән және сипат беруі керек ... Біз, социал-демократтар оны социал-демократиялық арнаға салуымыз керек, бұл қозғалысқа социалистік сән енгізіп, жұмысшы табының алдыңғы қатарлы күштерін бір кіндікке бағынған партияға топтастыруымыз керек».

Сталин жолдағ 1904 жылғы декабрьде өткізілген Баку жұмысшыларының үлкен забастовкасының ұйымдастырушысы және басшысы болды. Бакудегі бұл стачка «бүкіл Ресейдегі дақты январь-февраль көтерілістерінің жаршысы» болды (Сталин) (БК(б)П тарихының қысқаша курсы, 58-бет).

Көпшілік комитеттерінің бюросы және «Вперед» газеті 1905 жылдың басында революцияшыл партияны қостап, меньшевиктерге қарсы күшті науқан бастады, Ресейдегі комитеттердің көпшілігін өздерінің төңірегіне топтастырды, съезге өкілдер сайлау, сол сыяқты съездің қарарларын белгілеу жөнінде және партия съезін шақыруға даярлық жасады.

Пролетариаттың революцияшыл партиясы, жаңа түрдегі партия үшін, революцияшыл тактика үшін, партияның съезін шақыру үшін күрескенде Ленинге, большевиктерге тек Ресейдің оппортунишыл меньшевиктері мен ымырашылдарына қарсы шығып ғана қоймай, оның үстіне II Интернационалдағы оппортунишыл центристер мен солшылдарға да қарсы күреске шығуға тура келді. II Интернационалдың басшылары Ресейлік және дүние жүзілік жұмысшы қозғалысында большевиктік идеялық, ұйымдастырушылық және тактикалық принциптердің жеңуінен хауіптеніп, РСДЖП қатарындағы аламықты жою үшін келістіруші сот құру сылтауымен большевиктерге қарсы шықты. Большевиктер РСДЖП істеріне қол сұғуды қолдаған II интернационалдың басшыларының ұсынысын қабылдамай, РСДЖПның кезектегі съезі партия ішіндегі дағдарысты жойып, РСДЖП қатарын нығайта алатынын білдірді.

Орыс-жапон соғысында патша үкметінің жеңілуі, забастовка қозғалысының күшеюі және жұмысшы табының жұмысты тоқтатуының саяси сипатталуы, пролетариаттың ықпалымен саналы революциялық жолға түскен шаруалар көтерілістерінің көбеюі, шет аймақтарда ұлттық-азаттық қозғалыстың күшеюі — бұның бәрі 1905 жылдың бас кезінде Ресейдегі саяси жағдайды мықтап өзгертті.

Петербордағы 9 январь күнгі қанды оқыйға 1905-1907 жылдардағы революцияның бастамасы болды. Бұл оқыйғалар Ресей пролетариатын тегісінен толқытты, Ресейде саяси забастовкалар мейлінше кең өріс алып, күшейді. Өріс алған революциялық оқыйғалар Ресей қоғамының барлық таптарын қозғалтты. «Әрбір тап, әрбір партия өзінің тактикасын, өзінің іс істейтін бағытын, өзінің басқа таптарға көз қарасын, өзінің үкметке көз қарасын белгілеуге тырысты», («БК(б)П тарихының қысқаша курсы», 64-бет). Ресей социал-демократ жұмысшы партиясының да өз тактикасын белгілеуі керек болды. Жұмысшы табы мен революцияшыл шаруалардың патша үкметіне қарсы күресіне ойдағыдай басшылық ету, революцияның жеңуін қамтамасыз ету үшін революцияшыл партия өз ішіндегі дағдарысты тезінен жойып, өзінің барлық күшін жауынгерлік күреске даярлауы, патша үкметін құлату үшін қарулы көтеріліс ұйымдастыру, революцияшыл уақытша үкмет құру, социал-демократ партиясының оған көзқарасын, шаруалар қозғалысына көз қарасты, басқа партияларға көзқарасты белгілеу сыяқты мәселелер жөнінде марксистік тактика белгілеуі керек болды.

Бұл міндеттердің бәрін РСДЖПның съезі ғана орындай алатын еді. Сондықтан Ленин партияның III съезін неғұрлым тез шақыруға асықты. Өзіне біткен революциялық жігермен, ол, партия съезіне даярлық жасады. Оның аса маңызды қарарларының жобаларын жазды, съездің жұмысының жалпы планын жасады, «Вперед» газетінде басылған бірсыпра мақалаларында партия тактикасының негізгі мәселелерін баяндады.

Ұйымдардың анағұрлым көпшілігі большевиктерге ергелі көргеннен кейін партияның орталық комитеті өзінің көзқарасын, өзінің тактикасын лажсыздан өзгертін, 1905 жылғы апрельде партияның III съезін шақыруға ризалығын берді. Көпшілік Комитеттері бюросы мен партия-

ның Орталық Комитетінің келісуі бойынша екі жаққа бірдей кең негізде ұйымдастыру комитеті қурылды. Кейіннен съез шақыруға даярлық жұмыстың бәрін осы комитет жүргізді.

Партияның III съезі

Партияның меньшевиктік советі үндеу жариялап, партия қызметкерлерін съезге қатыспауға шақырғанына қарамастан, III съез ұйымдастыру комиссиясы белгілеген мерзімде шақырылып, ашылды. Съезге большевиктердің 20 комитеттен, партияның ірі ұйымдарының бәрінен шешуші дауыспен 24 өкіл, кеңесші дауыспен 14 өкіл болды. Большевиктердің Лондондағы съезімен қатар Женевада меньшевиктердің конференциясы ашылды. Бұл конференцияға партияның 9 комитетінен өкілдер барды.

«БК(б)П тарихының қысқаша курсыпта» былай делінді:

«Істің шынында съез де, конференция да сол тактикалық мәселелерді талқылады, бірақ бұл мәселелер жөнінде бір-біріне турадан-тура қайшы келетін қарарлар қабылданды. Съезде және конференцияда екі түрлі болып қабылданған бірсыпыра қарарлар партияның III съезі мен меньшевиктердің конференциясы арасындағы большевиктер мен меньшевиктер арасындағы тактикалық таластардың күшті екенін айтты» (66-бет).

III съезде шешілуге тиісті негізгі мәселелерді Ленин былай деп белгіледі: «Біріншіден, партиялық дағдарыс туралы мәселе. Екіншіден, тегі партияны ұйымдастыру түрі туралы онан маңыздырақ мәселе. Үшіншіден, қазіргі революциялық кезеңде біздің тактикамыз туралы негізгі мәселе» (VII том, 301-бет).

1905-1907 жылдардағы революцияда большевиктер мен меньшевиктер арасындағы негізгі алалық, революцияға қандай тап басшылық етуге тиіс деген мәселе туралы болды. Большевиктер Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революцияның, феодализм орнына капитализм орнаған кезде Батыс Еуропа елдерінде болған буржуазиялық революциялардан негізгі айырмашылығы бар екенін айтты. Большевиктер Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революцияның империализм дәуірінде, буржуазия контрреволюциялық күшке айналған ал Ресей пролетариаты өзінің революцияшыл партиясы бар, Маркстің революциялық теориясымен қаруланған айбарлы тәуелсіз саяси күшке айналған кезде болып отырғанын көрсетті.

1905 жылғы орыс революциясына баға беруге келгенде большевиктер мен меньшевиктер арасында туған алауыздық пікірді Ленин былай деп көрсетті: «РСДЖПның көктемде Лондонда болған III съезінің (большевиктік съездің) және Женевада болған меньшевиктер конференциясының қарарлары бұл алауыздықты толық белгіледі және пролетариат тұрғысынан қарағанда біздің буржуазиялық революцияға тұтасынан баға беруде бұл екі жақтың арасында негізінен алалық туғызды. Большевиктер пролетариатқа демократиялық революцияда көсемдік міндет атқаруды көрсетті. Меньшевиктер оның міндетін «ең шеткі оппозиция» болу міндеттерімен тұжырды» (XII том, 68-бет).

Революцияға пролетариаттың басшы болуы идеясы партияның III съезінің қарарында мынадай сөздермен айқын белгіленді: «Өзінің жағдайына қарай неғұрлым ілгері және ең тынақты революцияшыл тап болып отырған пролетариат Ресейдің жалпы-демократиялық революциялық қозғалысында басшылық міндет атқаруға тиіс» (III съездің протоколы, 518-бет). Съез «тек осындай міндетті атқарғанда ғана пролетариаттың Ресейдегі буржуазиялық-демократиялық революцияда бай таптарға қарсы социализмді жақтап күресуіне неғұрлым қолайлы жағдай туатынын» көрсетті. (Бұл да сонда).

Бірақ, бұл басшылық міндетті пролетариат тек социал-демократ партиясының басшылығымен ғана атқара алады. Ал, социал-демократ партиясы пролетариаттың революция жолындағы бүкіл күресіне идея және іс жағынан басшылық етуге тиіс.

Ресейде басталған революция ең алдымен патша үкметі мен крепостник-помещиктерге қарсы бағытталды. Съезде большевиктер бүкіл халықтың қарулы көтерілісін ұйымдастыру және бұл көтерілісті жүзеге асыру жолымен патша үкметін құлату бағытын жариялады. Қарулы көтеріліс туралы қабылданған қарарда былай делінді: «РСДЖП ІІІ съезі, қарулы көтеріліс жасау жолымен патша үкметіне қарсы күресу үшін алдымен пролетариатты ұйымдастыру міндеті қазіргі революциялық кезеңдегі ең негізгі және шұғыл міндеттердің бірі деп біледі».

Большевиктік съез, қарулы көтерілісті қалай ұйымдастырып, оған қалай басшылық ету керек деген мәселені айқын алға қойды. Съездің қарарында бұл туралы былай делінді: «Съез барлық партия ұйымдарына мынадай міндеттерді тапсырады:

а) үгіт-насихат жүргізу жолымен пролетариатқа алдағы қарулы көтерілістің тек саяси маңызын ғана емес, практикалық-ұйымдастыру жағы да түсіндірілсін;

б) мұндай үгіт-насихат жүргізгенде көтерілістің бас кезінде және барысында зор маңызы болатын жаппай саяси стачкалардың ролі де түсіндірілсін;

в) пролетариатты қаруландыруға, сол сыяқты қарулы көтерілістің жоспарын жасауға, оған тікелей басшылық етуге неғұрлым батыл шаралар қолданылсын, мұның үшін хажетіне қарай партия қызметкерлерінен ерекше топтар құрылсын». (ІІІ съездің протоколдары, 519-бет).

Қарулы көтеріліске көз қарас сыяқты аса маңызды тактикалық мәселе жөнінде большевиктер мен меньшевиктер карама-қарсы бағытта болды. Большевиктер қарулы көтерілісті ұйымдастыру және оны жүзеге асыру жолымен жеңіске жетеміз деп есептеді. Революцияда басшылық міндетті буржуазия атқарады деген көзқарасты негізге алған меньшевиктер, өздерінің Женевадағы конференциясында, қарулы көтеріліске іс жүзінде даярлануға және оны ұйымдастыруға, социал-демократ партиясының оған басшылық етуіне қарсы шықты. Олар, жұмысшыларды «патша үкметіне шабуыл жасау өте-мөте хажет» деген санамен қаруландыру керек деп есептеді.

Қарулы көтеріліс туралы мәселені шешкеннен кейін, партия құлатылатын патша үкметінің орнына қандай үкмет құру керек деген мәселені де шешуге тиіс болды. Большевиктер, жеңіп шыққан қарулы көтеріліс нәтижесінде құлатылған патша үкметі орнына революцияшыл уақытша үкмет құру керек, оған социал-демократ партиясының өкілдері қатысуы керек деген көзқараста болды. «Социал-демократияның революцияшыл уақытша үкметке қатысуы» туралы Ленин баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында революцияшыл уақытша үкметке республика орнату, контрреволюцияның қарсылығын басу, революцияның жеңіспен алған олжаларын сақтау, РСДЖПның минимум программасын жүзеге асыру, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға жағдай даярлау сыяқты міндеттер жүктелетінін көрсетті.

Ленин, революцияшыл уақытша үкмет өзінің таптық сипаты жағынан пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы болуға тиіс екенін айтты. «Революцияшыл халық биліктің өз қолында болуына ұмтылады, — деп көрсетті Ленин, — реакцияшылдардың бәрі патша үкметін қорғайды. Бұның жолы болатын төңкеріс, сондықтан, патша үкметіне қарсы күресте мүдделері бірлесіп отыратын пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасын орнатпай тұра алмайды». (VII том, 263—264-беттер).

Бірақ, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасын орнату «социалистердің тек өткінші, уақытша міндеті ғана, бірақ, демократияшыл революция дәуірінде бұл міндетті елемеу тура реакцияшылдық болады». (VIII том, 85—бет).

Ленин, дүние жүзіндегі барлық адамзат сыяқты пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасының да өткендегі дәуірі және келешегі бар екенін көрсетті. Өткендегі дәуірі — патша үкіметіне қарсы күресі, келешегі — социализм жолындағы күресі.

Партияның III съезі, социал — демократ партиясы өкілдерінің революцияшыл уақытша үкіметке қатысуына болады, бірақ оларды партияның бақылап отыруы шарт, деп танылды.

Революцияшыл уақытша үкімет, оның таптық сипаты, міндеттері, партияның оған көзқарасы туралы большевиктер мен меньшевиктер арасында негізінен алалық пікір болды. Большевиктер революцияның оған әрі дамуын, яғни социалистік революцияға ұласуын қамтамасыз ететін демократиялық диктатура болып табылатын революцияшыл уақытша үкіметке қатысуды қостады. Меньшевиктер, Уақытша үкіметті Еуропа-ның буржуазиялық демократиялық елдеріндегідей кәдімгі буржуазиялық үкімет болады деп есептеді. Олар социал-демократ партиясы өкілдерінің уақытша үкіметке қатысуына қарсы болды, өйткені либерал буржуазия мұнан шошынуы мүмкін, онда революция күйрейді деп есептеді. Женева конференциясында қабылданған қарарда меньшевиктер: «Социал-демократия уақытша үкіметті өкімет билігін басып алуды немесе бөлісуді мақсат етпеуі керек, оның орнына ең шеткергі революцияшыл оппозиция партиясы болып қалуы керек» деді.

Плеханов және басқа меньшевиктер Маркстен үзінділер келтіріп, пролетариат өкілдерінің революцияшыл уақытша үкіметке қатысу туралы ешуақытта ешнәрсе айтқан жоқ және жазған жоқ деп дәлелдеуге тырысты және буржуазиялық-демократиялық революция жағдайында пролетариат пен шаруалардың революцияшыл демократиялық диктатурасын орнату туралы да Маркс еш уақытта еш нәрсе айтқан жоқ және жазған жоқ деп дәлелдемекші болды. Творчестволық марксизмнің шын өкілі болған Ленин III съезде революцияшыл уақытша үкімет туралы сөзінде былай деді: «Пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы болмайынша, Ресейге республика орнауы мүмкін емес. Бұл қағиданы «Вперед» нақтылы жағдайы талдау негізінде алға қойды. Бірақ, Маркс бұл жағдайды білмеді және ол туралы жазбады. Сондықтан бұл жағдайды талдауды Маркстан алынған үзінділермен ыспаттауға да, бекерге шығаруға да болмайды». (VII том, 268-бет).

Большевиктер съезде пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық революциядағы одақтасы туралы мәселені шешті. Владимир Ильич Лениннің «Шаруалар қозғалысына көзқарас туралы» баяндамасы бойынша съезде қабылданған қарарда большевиктер шаруалар үшін күресу, пролетариат пен шаруалардың жауынгерлік одағын нығайту керек екенін ашып айтты. Ленин жазған, съез қабылдаған қарарда социал-демократ партиясы, помещиктердің, казынаның, шіркеудің, манастрдің және ата-бабасынан бергі мешікті жерлерді конфескелеуге дейін шаруалардың революцияшылдық талаптарының бәрін қолдауды көздейіні айтылды.

Қозғалыс жеңген күнде революцияшыл уақытша үкіметтің жергілікті орындарына айналдырылатын шаруалардың революциялық комитеттерін тезінен ұйымдастыру ураны жүзеге асырылуы алға қойылды. Селолық пролетариат жөнінде съез оны дербес ұйым ретінде топтастыру, оны қала пролетариатымен біріктіруге, оның өкілдерін шаруалардың комитеттеріне енгізуге тырысу керек екенін көрсетті.

Меньшевиктер Женева конференциясында помещиктердің және

басқаларының жерлерін дереу конфескелеуге қарсы болды, олар шаруаларға жер мәселесінің кұрылтай жыйылысында шешілуін күтіндер деп ұсынуды мақұлдады. Меньшевиктер шаруалардың революцияшылдық ролін және пролетариаттың басшылығымен жұмысшы табының шаруалармен одағын кұру хажет екендігін мойындамады.

Партияның III съезі Кавказда болып жатқан революциялық оқыйғаларға байланысты арнаулы қарар қабылдап, Кавказдың қаһарман пролетариаты мен шаруаларына жалынды сәлемін жолдады, Орталық Комитетке және жергілікті комитеттерге Кавказдағы жағдай туралы мәліметтерді неғұрлым кең таратып отыруды тапсырды.

Жер мәселесін алға қоюмен шаруаларға көз қарас жөнінде екі бағыт — революцияшылдық бағыт пен оппортунишылдық бағыт туралы большевиктік съез бен меньшевиктік конференцияның қарарларында айқын көрсетілді.

Владимир Ильич Ленин өзінің «Демократиялық революцияда социал-демократияның екі тактикасы» деген еңбегінде III съез бен меньшевиктер конференциясының қарарларын салыстыра келіп былай деп жазды: «Шаруалар мәселесін» партияның съезі мен конференция бірібірінен мүлде басқаша алға қойды. Съез «шаруалар қозғалысына көз қарас-туралы қарар шығарды. Конференция «шаруалар арасындағы жұмыс» туралы қарар қабылдады. Бірінші қарарда патша үкметіне қарсы күрестің жалпы ұлттық мүдделері үшін революциялық-демократиялық қозғалыстың бәріне басшылық ету міндеттері ең алға қойылды. Екінші қарарда іс тек ерекше топ арасындағы «жұмыспен» тойтарылды. Бірінші қарарда барлық демократиялық өзгерістерді жүзеге асыру үшін шаруалардың революциялық комитеттерін дереу кұру үгіт жұмысының іс жүзіндегі негізгі ұраны ретінде алға қойылды. Екінші қарарда «Комитеттер кұру талабы» Құрылтай жыйылысына ұсынылуға тиіс» (VIII том, 88-бет).

«БК(б)П тарихының қысқаша курсында» буржуазиялық-демократиялық революцияда буржуазияны жалғыз қалдырып, пролетариаттың басшылығымен пролетариат және шаруалар одағын кұру идеясы революциялар тарихындағы жаңа тактикалық бағыт болғаны айтылды.

Либералдарға көз қарас туралы мәселе жөнінде большевиктер буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуінен орыс буржуазиясы қорқатынын, патша үкметін кұлатып, елде демократиялық республика орнатуды тілемейтінін, революцияны басшылықсыз қалдыру мақсатымен революциялық қозғалыста басшылықты өз қолына алуға, патша үкметімен келісуге тырысатынын негізге алды. Сталин жолдас: Пролетариат саналылықпен күрес жүргізген жерде либерал буржуазия революцияшыл болудан қалады» деп жазды (Ленин және Сталин. БК(б)П тарихын үйренуге керекті шығармалар жыйнағы, 419—420—беттер).

Осыны негізге алып, партияның III съезі өзінің «либералдарға көз қарас туралы» қарарында большевиктерге мынадай ұсыныстар жасады:

«1. Буржуазиялық-демократиялық бағыттың, жер иелері мен фабриканттардың қалың топтары қостаған тартымды — либералдық түрінен бастап, «азаттық одағы» және ерікті кәсіптегі адамдардың сансыз топтары қостаған неғұрлым радикалдық түріне дейін, неше түрінің бәрінің де революция мен пролетариатқа қарсы екендік сипатын жұмысшыларға түсіндірілсін.

2. Бұл айтылғандар ескеріліп, буржуазиялық демократиялық жұмысшылар қозғалысын өз қолына алуға және пролетариат атынан немесе оның жеке топтары атынан сөйлеуге ұмтылған әрекетінің қандайына болса да қарсы батыл күрес жүргізілсін» (III съездің протоколдары, 526-бет).

302255

РСДЖП II съезінде қабылданған, либералдарға көз қарас туралы Старовердің қарарын партия съезі бұзды.

Ал, меньшевиктер либералдарға көз қарас туралы мәселе жөнінде мүлде карама-қарсы пікірді қолдады. Империализм дәуіріндегі орыс революциясына олар кәдімгі буржуазиялық революция деп қарады. Сондықтан, буржуазияны революцияның негізгі қозғаушы күші, ал, пролетариатты буржуазияның одақтасы деп есептеді. Меньшевиктер пролетариатты демократиялық реформа жасауды көздеген күресте либерал буржуазияға революциялық жолмен ықпал етуге, буржуазияның революцияға анық кесем болуына көмектесуге шақырды.

Социал-демократ партиясына және «Социалист-революционерлер» партиясына көз қарасы туралы мәселе жөнінде III съез 1903 жылы РСДЖП II съезінде қабылданған қарарды ыспаттады. Большевиктер эсерлерді өздерінің буржуазиялық бағытын социализм жалауымен бүркелейтін, буржуазиялық демократияның солшыл фракциясы деп таныды. Эсерлердің әрекетін «пролетариаттың саяси дамуына ғана емес, оның үстіне патша үкметіне қарсы жалпы демократиялық күреске де зиянды» (БК(б)П қарарлары, I бөлім, 30-бет) деп танып, партияның III съезі патша үкметіне қарсы күресте партияның Орталық Комитетінің бақылауымен тек жеке реттерде ғана эсерлермен ішінара келісім жасауға болады деп есептеді.

Партияның III съезінде «ұлттық социал-демократ ұйымдарға көз қарасы туралы» мәселе қойылды. Съез барлық ұлттық социал-демократиялық ұйымдарды бір тұтас Ресей Социал-демократ Жұмысшы Партиясына біріктіруді қостады. Бұл мәселе туралы қабылданған қарарда былай делінді: «Патшалық құрылысқа қарсы ашық революциялық күрес басталуы және қарулы көтеріліс жасайтын кездің жақындауы мұндай бірігуді өте-мөте керек қылады. III съез, II съездің құрамалық туралы мәселеге көз қарасын мақұлдай отырып, Орталық Комитетке, сол сыяқты жергілікті комитеттерге, жергілікті жұмысты бір ізбен жүргізу, сөйтіп, барлық социал-демократ ұйымдарды бір тұтас Ресей Социал-Демократ Жұмысшы Партиясына біріктіру мүмкіншілігін даярлау мақсатымен, ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен келісім жасауға барлық күштерін жұмсауды тапсырады» (III съездің протоколдары, 524-525-беттер).

III съез партияның жаңа уставын қабылдады, бұл уставтың бірінші параграфын Ленин белгіледі: Партияның программасын қабылдаған, партияға қаржысымен көмектесіп, оның ұйымдарының біріне өзінің жұмысымен қатысып жүрген адам партия мүшесі болып есептеледі.

Партияның жаңа уставында, РСДЖП II съезі белгілеген екі орталық және партия Советі орнына партияның басшылық ететін бір орталығы — партияның Орталық Комитеті болатыны көрсетілді. Партияның орталық газеті редакциясының мүшелері сайлаумен қоймай, оларды Орталық Комитет тағайындайды.

III съез партиядан бөлінген топ (меньшевиктер) туралы қарар қабылдады. Бұл қарарында оппортунистың ағымға-меньшевизмге қарсы идеялық күрес жүргізуді ұсынды. Съездің қарарын танудан бас тартатын меньшевиктік ұйымдар туралы қабылданған, бірақ, жарияланбауға тиіс болған қарарда съез Орталық Комитетке мұндай ұйымдарды таратуды ұсынған.

Съез партияның жаңа Орталық Комитетін сайлап, оған партияның Орталық газетін шығаруды тапсырып, бұл газетке «Пролетарий» деп ат қойды. Мұнымен бірге съез, революцияның жаңа мәселелерін алға қоюдағы белсенділігі, тапқырлығы үшін, партияны қалпына келтіру жолындағы орасан көп жұмысы үшін, III съезді шақыруға даярлануға қатысқаны үшін «Вперед» газетінің редакциясына алғыс айтты.

Съезден кейін Орталық Комитет пленумының алғашқы мәжілісінде «Пролетарий» газетінің редакторлығына Владимир Ильич Ленин бекітілді.

Съез шақыруға, оған даярлануға және съездің жұмысына Ленин орасан көп еңбек сіңірді. Ленин съезде қаралатын негізгі мәселелердің бәрін съездің ашылуынан екі ай бұрын ерекше ұқыптылықпен, күнттылықпен даярлады. Ол, күн тәртібінің жобасын күн ілгері жариялады, съездің өкілдері үшін анкеталар жазды, съездің күнделік дәптерін жазып отырды, бұл дәптерде өкілдердің сөздерінің мазмұнын жазумен бірге, оларға сипаттама берді. Ленин барлық комиссиялардың жұмысына қатысты деуге болады. Сондағы қарарлардың бәрінің де жобаларын Ленин жазды. Ленин съез туралы білдірулер жазып, білдірулердің және съездің қарарларының француз, неміс тілдеріндегі аудармаларын даярлады. ІІІ съез туралы еврей тілінде басылған кітпшаға кіріспе сөз жазды. Ленин съезден кейін жазған мақалаларында ІІІ съездің қарарларын түсіндірді, съездің қарарларына байланысты мәселелердің жаңалықты жақтарын баяндады.

ІІІ съезден кейін партия мен пролетариаттың алдына қойылған міндеттерді сипаттай келіп, Ленин ІІІ съез туралы білдіруінде былай деп жазды: «Революцияны жеңіспен өткізу, оның жеңіп алған табыстарын қорғау пролетариатқа орасан зор міндеттер жүктейді. Бірақ, пролетариат ұлы міндеттерді орындаудан қорықпайды. Оның жеңісінің өзі бақытсыздыққа ұшыратады деп сәуегейлік айтатын адамдарды, пролетариат, жиренішпен өз маңынан аластайды. Ресей пролетариаты өзінің міндетін ақырына дейін орындап шығады. Ол, халықтың қарулы көтерілісіне бас бола алады. Ол, өзіне революцияшыл уақытша үкметке қатысуға тура келсе, бұл қыйын міндеттен қорықпайды. Ол, контрреволюциялық әрекеттің бәрін тойтарып, бостандықтың барлық жауларын рақымсыз жаныштай алады және демократиялық республиканы төсін төсеп қорғап, бүкіл программамызды революциялық жолмен жүзеге асыра алады. Ресей пролетариаты қорықпай, істің осындай нәтижемен аяқталуына жан-тәнімен ұмтылуы керек. Алдағы демократиялық революцияда жеңіп шықсақ, біз өзіміздің социалистік мақсатымызға жету жолында үздік алға басамыз (VII том, 297—298-беттер).

1905 жылдың жазында Ленин өзінің «Демократиялық революцияда социал — демократияның екі тактикасы» деген атақты кітабын жазып, бастырып шығарды. Бұл кітапта партияның ІІІ съезінде большевиктер қабылдаған және Женева конференциясында меньшевиктер қабылдаған тактикалық екі бағыт тереңнен талдап, тексерілді. Ленин большевиктер мен меньшевиктердің тактикалық бағыттары бір—біріне қарама — қарсы екенін, олар революцияның екі түрлі жолын белгілегенін көрсетті. Партияның ІІІ съезі мен меньшевиктердің Женевадағы конференциясы арасындағы тактика жөніндегі алалықтың күштілігін Ленин: «Екі съез-екі партия» деген сөздермен белгіледі.

Ленин «Екі тактика» деген кітабында большевиктік тактиканың және буржуазиялық — демократиялық революция дәуіріндегі тактиканың негіздерін белгілеп, буржуазиялық — демократиялық революцияның пролетарлық революцияға ұласуы туралы ғылымды дәлелдеді. Ленин буржуазиялық — демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы идея ІІІ съездің қарарларының, сол сыяқты осы аталған кітаптың негізгі арқауы екенін көрсетті. «Бүкіл халықты әсіресе шаруаларды бастап толық бостандық үшін, тыянақты демократиялық төңкеріс үшін, республика үшін күресу. Барлық еңбекшілерді және қанаудағыларды бастап социализм үшін күресу. Революцияшыл пролетариаттың саясаты Іс жүзінде осындай болу керек, революция кезінде әрбір тактикалық мәселені шешудің жолын көрсете-

тін, жұмысшы партиясының әрбір іс жүзіндегі қадамын белгілейтін таптық ұран осындай болу керек» (VIII том, 105-бет). Ленин өзінің «Екі тактика» деген кітабын осындай сөздермен аяқтады.

Ленин бұл кітабында социализмнің жеке бір елде жеңу мүмкіншілігі бар екенін, оның барлық елдерде бір жолы жеңе алмайтындығы туралы өзінің данышпандық ғылымының негіздерін қалады.

«БК(б)П тарихының қысқаша курсында» Лениннің «Екі тактика» деген кітабы туралы былай делінді:

Бұл кітабында Ленин «орыс социал — демократтарына буржуазиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру керектігін айқын көрсетті.

Бірақ, Лениннің еңбегінің маңызы мұнымен бітпейді. Оның баға жетпес маңызы мынау: ол марксизмді революцияның жаңа теориясымен байытты және біздің елдің пролетариатының 1917 жылы капитализмді жеңіп шығып қамтамасыз еткен большевиктік партияның революциялық тактикасының негіздерін жасады» (79-бет).

Ленин — Сталин партиясының тарихында партияның III съезінің ерекше маңызы бар. Бұл партиямызды, жұмысшы табын революцияның данышпандық лениндік стратегиялық жоспарымен, лениндік ұрандармен, революциядағы тактикалық бағыттармен қаруландырған және оларды қабылдаған алғашқы большевиктік съез болды. Революцияға және партияның міндеттеріне баға беруге келгенде съез бір ауызды болды. Халық революциясында пролетариаттың басшы болуы үшін қалай күресу, патша үкметіне қарсы күресте пролетариат пен шаруалардың жауынгерлік одағын қалай жүзеге асыру, буржуазиялық — демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуын қалай қамтамасыз ету туралы III съездің қарарлары әрбір большевикке, қатардағы әрбір жұмысшыға түсінікті айқын нұсқаулар берді.

Съезден кейін болған революциялық оқыйғалар, революцияның жеңуі үшін күрестің съез белгілеген және Лениннің басшылығымен большевиктер партиясы қолданған жолы мен әдістерінің дұрыстығын және тұрмысқа бейімділігін айқын көрсетіп, ыспаттады.

Партияның III съезі өткізілген тарихи кезеңінен бері 40 жыл өтті. Большевиктер партиясының бұл 40 жыл ішінде өткен жолы — орасан қыйыншылықтарда жеңген, өзінің ұлы ісінің толып жатқан жауларын, еңбекшілердің дұшпандарын күйретіп, ұлы жеңістерге жеткен қаһармандық күресінің жолы болды.

Ленин—Сталин партиясының ол кезде небәрі бірнеше жүз мүшесі болса, қазірде беделі мен қуаты жағынан дүние жүзінде теңдесі жоқ сан миллион мүшесі бар күшті партияға айналды.

Данышпан көсемдері Ленин мен Сталин бастаған большевиктер партиясының басшылығымен еліміздің жұмысшы табы мен еңбекшілері үш дүркін революция жасады, патша үкметі мен буржуазияны тағынан құлатып, көп ұлттық қуатты социалистік мемлекет орнатты. Сталин бастаған большевиктер партиясының басшылығымен Советтер Одағының еңбекшілері елімізде социалистік қоғам құрды.

Гитлер Германиясына қарсы совет халқының Ұлы Отан соғысы жылдарында Ленин—Сталин партиясы майдан мен елде совет халқын ұйымдастырып, күшті, тәжірибелі және залым жау — Гитлер Германиясына қарсы қаһармандық, ауыр күреске аттандырды, өзінің басшылығымен совет халқының жауды толық талқандап, ұлы жеңіске жетуін қамтамасыз етті.

Біздің Ленин—Сталин партиясындай халыққа беделді, сенімді, шексіз сүйікті басқа партия дүние жүзінде жоқ.

Дүние жүзіндегі еңбекшілердің данышпан көсемі және ұстазы Советтер Одағының Генералиссимусы Сталин жолдас бастаған Ленин — Сталин партиясының басшылығымен совет халқы соғыстан кейін бейбітшілікпен өркендеу жағдайында отанымыздың соғыс-шаруашылық қуатын онан сайын арттырып, нығайта бермек.

Абай—қазақ халқының даңқты ақыны және ағартушысы

(Абай Құнанбаевтың туғанына жүз жыл толуына)

М. Әбдіқалықов

*Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің
пропаганда жөніндегі секретарі*

Елімізде лениндік-сталиндік ұлт саясатының мерейі үстем болуы арқасында Советтер Одағындағы барлық халықтар идея — мәдениет жағынан тамаша өркендеп өсті. Ленин—Сталин партиясының басшылығымен, ұлы орыс халқы мәдениетінің игілікті әсері арқасында отанымыздың барлық ұлт республикаларының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлденуде.

1925 жылғы июньде РК(б)П Орталық Комитетінің «Партияның көркем әдебиет жөніндегі саясаты туралы» қарарында «Біздің одақтың толып жатқан республикалары мен облыстарында ұлт әдебиетін өркендетуге баса көңіл бөлу керектігі» айқын көрсетілген болатын.

Мұның нәтижесінде елімізде, әсіресе соңғы жылдарда әдебиет мейлінше байып, кең өріс алды. Еліміздің барлық халықтары өздерінің нешеме ғасырлық рухани мәдениетінің сыйларын Бүкіл Одақтық мол қазынамызға қосты. Ұлт мәдениетін өркендетуге идея жағынан басшы болған орыс классиктерінің бүкіл дүние жүзілік маңызы бар шығармалары мен қатар Тарас Шевченконың жалынды өлеңдері, Руставелидің «Жолбарыс терісін киген батыр»ндағы тамаша бейнелері, Давид Сасунскийдің ерлік дастандары, мәңгілік данққа ие болған Науаи мен Низамидің даналық бүкіл халқымыздың игілігіне айналды.

Еліміздің жалпы тарихи — әдеби келешегі кеңейді. Халықтарымыздың бір-біріне идеялық — көркемдік әсері тамаша жеміс бере бастады. Туысқан халықтардың тұрмысы, тарихы мен мәдениеті туралы біліміміз молайды. Әдеби бірлігіміз совет халқының моральдық — саяси мызғымас бірлігін көрсетіп қана қоймай, оның үстіне халықтар достығының идеологиясын өркендетеді.

Қазақ халқы ұлы орыс халқының және туысқан халықтардың әдебиет — көркем өнеріндегі табыстарды менгере отырып, өзінің нешеме ғасырлық көркем өнерінің тандаулы шығармаларымен жалпы халықтың социалистік мәдениетіміздің байлығын молайта түседі. Жамбыл бүкіл совет халқының тандаулы ақыны болды.

Қазақстан тек ауыз әдебиеті өркендеген ел болған десек, бұл түсінігіміз бір жақты болар еді. Өткен ғасырда орыс елінің демократиялық мәдениетінің идеялық — көркемдік әсерімен, халық әдебиеті және шығыс халықтарының поэзиясы негізінде қазақтың жазба әдебиеті қалыптаса бастады. Быылғы 15 августа туғанына жүз жыл толуын қазақ халқы мерекелеп өткізген ағартушы — ақын Абай Құнанбаев қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы болды.

Абай қазіргі Семеі облысында туды. Ақынның әкесі Құнанбай То-

бықтының ру басы, қатыкес, қаһарлы адам болды. Абай Семейдегі медреседе оқыды, сонда жүріп өз бетімен орыс тілін үйренді. Құнанбай Абайды өзінің орына ру басылыққа даярлау үшін, оны оқудан туған ауылына қайтарды. Бірақ, Құнанбайдың ол арманы іске аспады. Абай қазақ халқын езушілік тәртіпке көне алмады, бұл тәртіпке қарсы шығып, халқының мүддесі үшін күресті.

Абай өмір сүрген дәуірде — XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ халқы бір жағынан патша үкметінің, екінші жағынан қазақтың бекзаттары мен байларының қысымында болды. Абай өз халқының бақыты-келешегі үшін күресті. Қазақ халқын нешеме ғасырлық мешеуліктен кұтқару үшін, оны орыс мәдениетіне жанастыру керек деп білді, өзі сол замандағы орыс ағартушыларының демократиялық ой — пікірін қолдады.

Абай әкесімен үнемі келісе алмай, ақырында кертартпа бектер — байлардан бір жолата ажырасты. Кітапханадан кітаптар алуға Семейге жиі келіп жүргенінде, ол, орыс халқының саяси қайраткерлерімен танысты, олармен дос болды. Белгілі ғалім Е. П. Михаэлис, П. П. Долгополов, Леонтьев, С. С. Гросс өздерінің досының орыс мәдениетімен және дүние жүзілік мәдениетпен танысуына көмектесті. Абай көп алғыс айтқандықпен: «Михаэлис дүниеге көзімді ашты» дейтін.

1880 жылдан Абайдың ер жеткен ақындық өмірі басталды. Оның өлеңдері, аудармалары ауыздан-ауызға елге таралды. Революциядан бұрын Қазақстанда баспа болмағандықтан, оның тек аз ғана өлеңдері басылып жарияланды. Абайдың әдеби мұрасы тек совет дәуірінде ғана толық жыйналып басылды.

Абайдың өз өмірі ауыр болды. Қазақ шонжарлары ақынды қудалап, оны үкметке қарсы іс істейді деп үстінен шағым арыздар беріп, нешетүрлі жала жапты, тіпті өлтірмек те болды. Надаң халық ақынның арманын, мақсатын толық түсіне алмады. Өзінің сүйікті ұлдарының қайтыс болуы Абайға қатты батты. Жалғыздық сезім оған Лермонтовтың «Думасы» сыяқты кайғылы, сыршылдық ой туғызды.

Бірақ, осындай ауыр сындарға түскен кайғылы өмірдің өзінде, ойшыл ақын, өзінің қоғамдық-әлеби қызметінде тарихи прогресс идеясын терең ұғып, тыянақтылықпен жақтады. Абай өзінің дүниеге көз қарасында ілгері ниетті, үмітшіл ақын болды. «Тек жігерсіз адам ғана үмітін үзеді. Дүниеде баянды ешнәрсе болмаса, жауыздық та мәңгі емес. Қаһарлы қыстан кейін гүлденген жаз келмей де — деді ол.

Бектер мен байлардың шексіз үстемдігі, патша үкметінің отарлау саясаты жүріп тұрған кезде Абай мұның бәріне батыл қарсы шықты. Ақиқатшыл ақынның лебізімен қазақ халқы өзінің бақытты өмір сүруге ұмтылған әлеуметтік-тарихи праволарын білдіріп отырды. Абай ол кездегі қазақ еңбекшісінің бейнесін шын ызамен суреттеді.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Устарасыз аузына түсті мұртым,
Жақсыменен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртым.

Абай енгізген сыншылдық реализм әдісі қазақ әдебиетін тамаша идеялы, терең ойлы, өнеге боларлық шығармалармен байытты. Абай орыс халқының революцияшыл демократиясының материалистік эстетикасына сүйеніп, өмір шындығын сипаттайтын поэзия туғызды, ақындық сөзді халық мүддесіне қызмет етуге бағындырды.

Абайдың шығармаларының халықтық мәні өте күшті. Ақын қазақ халқының өмірін, еңбегін, күресін, тілегін, арманын камтыйтын әртүрлі тақырыптарда жазды. Терең идеялық қорытындылар шығаратын, көшпелі қазақ тұрмысының өзіне тән сипаттарын ғана емес, алдыңғы қа-

тарлы адамдардың жалпы адамзаттық ниеттерін қамтыйтын әр алуан бейнелер жасалды.

Абайдың шығармаларында қазақ еңбекшісінің ол кездегі тағдірі: теңсіздігі, топас байлардың жалшытығындағы ауыр еңбегі, мұхтаждығы, жокшылығы, рухани тілектері, жаратылыс күштеріне тәуелділігі айқын көрсетілді.

Бірақ ақын тарихи ақсақалдық-бектік қарым-қатынастың үстемдігін көрсететін өткінші сипаттармен бірге, өсіп келе жатқан қазақ халқының жақсы қасиеттерін де көрсете білді. Ленин—Сталин партиясының басшылығымен, ұлы орыс халқының туысқандық көмегі арқасында қазақ халқының совет өкметі үшін күреске белсеніп қатысып, тәуелсіз тұтас ұлт болып бас қосуына, социалистік қоғам құруға, тең праволы болып қатысуына, отан соғысының майдандарында жанқиярлықпен күресуіне мүмкіншілік берген ұлттық сипаттары ақынның бейнелеуінде ерекше көзге түсіп отырды.

Өмірге ұмтылған қайтпас жігер, еңбек сүйгіштік, батырлық, қайрымдылық, жаратылысында дарымдылық, басқа ұлттармен татулыққа ұмтылушылық, қызу қандылық, адалдық, ақбейілділік, табиғатты сезгіштік—ақынға адамның дұрыс өркендеу идеясын көрсетуге, өзінің замандастарына моральдық зор талаптар ұсынуға мүмкіндік берген ұлттық сипаттар осындай.

Мезгілсіз қайтыс болған ұлы Әбдірахманның бейнесі Абайдың өлеңдерінде осындай қасиеттермен сипатталады. Абай шеберлікпен аударған Пушкиннің, Лермонтовтың, Крыловтың мәңгі өшпейтін шығармалары тек осындай ортада, орасан ауыр жағдайда, мұндай таңдаулы ұлттық сипаттарды сақтай білген халық ортасында ғана кең өріс алып, жұртқа таралды. Абай орыс поэзиясының классиктерінен 50 шығарма аударды, соның бірсыпырасы қазақ халқының көп тараған өлеңдеріне айналып, Қазақстанда осы уақытқа дейін жұрт аузында айтылып жүреді.

Абай — қазақ әдебиетіндегі теңдесі жоқ сыршыл ақын. Оның біресе сезімшіл, біресе ызамен әшкерелегіш, біресе философиялық терең мағыналы лирикасы халқымыздың рухани мәдениетінің ең биік шыңы деп танылады. Қазақ поэзиясына жанадан он алты буынды өлеңді енгізген, мұны ел арасына таратқан Абайдың сыршылдық өлеңдерінің түрлері тамаша және батыл жаңалық.

Абай сүйген Пушкиннің немесе Лермонтовтың шығармаларындағыдай, ақынның өзінің бейнесі де оның сыршылдық өлеңдеріндегі ең негізгі бейне болып, қазақтың ұлттық сипатын тануға өте бағалы көп дерек бере алады. Шығыс әдебиетінің әшекейі жоқ айқын өлеңдерінде, қазақ мәдениетін байытқан өлеңдерінде ақынның сөзі орыс лирикасының табыстарын менгерумен бірге азамат және ойшыл ақынның жарқын бейнесін көрсетіп отырады.

Қоғамдық борышын толық ұққандық, өз халқының ауыр тағдыры үшін азап шеккендік, оқып білім алуға шөлдегендік, әр алуан ой-пікір сезгіштік, келешекті болжаушылық — лирикадағы Абайдың бейнесі осылай сипатталады.

Адамгершіл ақынның сыршылдық өлеңдері бекзат-байлардың құлқыншылығына, арыздығына қарсы адамшылық қасиетті мақтан етіп, демеу етеді:

Мақсатым тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңлін ашпақ,
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан, сауық ойла жоқ, әуел баста-ақ.

Қазақ халқының нешеме ұрпақтары ақынның өлеңдерінен хажетті ләззет алып ғана қоймай, адамның отаншылдық және еңбекшілдік әлеу-

меттік ұлы міндеті туралы заманымызға лайықты моральдық түсінік алады.

Ұлттар ынтымағының демократияшылдық идеялары бойынша тәрбиеленген Абай байшыл ұлтшылдарға, түркішілдікке, ысламшылдыққа тыянақтылықпен қарсы шықты. Орыс халқымен ынтымақтың жемістілігін тарихи прогресшілдікпен түсінген, қазақ халқының бойындағы күшіне қатты сенген Абай ұлттық томаға түйықтыққа мүлде қарсы болды.

Замандас ақындар хандар мен байларды дәріптегенде Абай оларды сықақ өлеңдерімен аяусыз түйреді, екі жүзділікті, сұрқыялықты аяусыз әшкереледі. Рулар арасында дау, жаугершілік туғызған, ұлт бірлігінің орнауына бөгет жасаған, патшаның чиновниктері алдында кұрдай жорғалаған, қазақ жедейлеріне үстемдік жүргізу үшін өзара таласқан, құлқыншылдық, алдаушылық, ұрлық, арам тамақтық, надандық, пайда — парашылдық туғызған бұл сұрқыяларды Абай өлтіре түйреді. («Күлембайға», «Қарашы», «Абралыға» және басқа өлеңдерінде).

Зар заман ақындары ұлттық томаға—түйықтықты арман етіп ескілікті дәріптеп, сары уайымға салынғанда Абай өзінің өлеңдерінде орыс—қазақ ынтымағын өркендетуді, мәдениетке жету, білім алу жолымен бағыл алға басуды үгіттеді. Абай өзінің дүние тану көзқарасының өзгеше сипаттарының бірін «келешектегі жарық сәулені көруге үміттеніп, алдағыға көз саламын» деп байымдады. Ол ұлы орыс халқының бүкіл әлем таныған мәдениеті алдында тағзым етті.

Ұлттық мен-мендікті жат көрген, өз халқының ерікті, білімді болуын арман еткен жалынды отаншыл ақын — Абай орыс — қазақ достығын нығайтты, орыс халқы мәдениетінің данышпандарынан үйренуге шақырды. Ол, орыстың таңдаулы адамдары қазақ даласына мәдениет таратады деп жазды, орыс және қазақ халқын бір-біріне қарсы қойып, өздерінің еңбекшілер арқасында дәурен сүруді көздегісі келген адамдарды өлтіре мінеді.

Қаны бұзық өзі ойлар,
Қу менен сұм боларды
Орыста қалар жаласы,
Бұл іске кім виноват.
Я Семейдің қаласы,
Я қазақтың аласы.
Ойында жоқ бірінің,
Салтыков пен Толстой,
Я тілмаш, я адвокат,
«Болсам» деген бәрінде ой.

Шығыс және Европа философтарының данышпандығымен жақсы таныс, XIX ғасырдың аяғында Сібірде саяхат еткен Америка журналісі терең ойшыл Джорж Кеннан, философиялық еңбектерді зерттеп, адам ақылының жеңуіне сенген Абайға қатты таңданады. Абай өзінің нақыл сөздерінің бірінде: «Егер қолымда заңның күші болса, мен адам түзелмейді деген әрбір кісінің тілін кесер едім» дейді. Абай өзінің шығармаларымен адамның идея — мораль жағынан қайта тәрбиеленуіне көмектесті.

Ақылгөйлік өлеңдер Абайдың шығармаларында ерекше орын алады. Оның Крылов мысалдарын аударған шығармалары да осымен сабақтас. Халықтың қатаң ұстазы Абай халықты әлеуметтік борышты, халық алдындағы жауаптылықты сезу, еңбек сүйгіштік батырлық рухта тәрбиеледі, әйелді хұрметтеуді, табанды болуды, адамның асыл хасиеттерін иемденуді үйретті. Оның сөзі мен ісі бір жерден шығатын. Ақынның өз басының үлгісі, ол, үгіттеген моральдің айқын бейнесі болды.

Абай қазақ халқының өмірін, тұрмысын, моралін, сезімін және арманын түгел қамтыды. Оның өзі де, артта қалған, правосыз көшпелі халықтың ауыр бұғауларын бұза отырып, қазақ даласының кәдімгі данасы болды. Ұлт тарихын, халық қазынасын, шығыс, орыс және батыс еуропа мәдениетін жақсы білген Абай әрі ақын, әрі ағартушы, әрі ықпалшы, әрі қарасөз жазушы, әрі ойшы, әрі ән-күй шығарушы, әрі тамаша аудармашы, қоғам қайраткері, жас әдебиет таланттарын ұйымдастырушы және тәрбиелеуші болды.

Қазақтың жаңа әдебиеті құралғанда Абай қазақтың неғұрлым икемді ұлттық әдеби тілін шығарды. Абай қазақ тілін араб, парсы сөздерінен тазартты, халықтың сөз байлығын кеңінен пайдаланып, поэзияда түсініксіз сөйлемдерге өте-мөте әуестенушілікке шек қойды. Қазақтың әдебиет тілінің Абай шығарған қағидалары қазақ әдебиетін онан әрі дамытудың негізі болды. Қазіргі қазақ әдебиетінің қайраткерлері оның бұл енгізген жаңалықтарын алғыспен үйренеді.

Қазақ халқының талантты жастары Абай төңірегіне топталып, оның төңірегінде талай ақындар өсіп жетілді. Устазының шығармаларын, аудармаларын халық арасына кеңінен таратқан өзінің шәкірттеріне Абай қазақ тұрмысынан, басқа халықтардың тұрмысынан тақырыптар беріп отырды. Қазақ халқының қазіргі ақындары Абайдың идеялық — көркемдік дәстүрлерін әлі күнге хасиеттеп сақтап, онан әрі байытуда. Абайдың мұрасы қазақ халқының мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениетіне мол қазына, оның өркендеуіне зор көмегі тиді.

Абай қазақ халқының ұлттық мақтанышы, өйткені Абай өткен ғасырдағы әлеуметтік — шаруашылық жағынан кұлдықта болған жағдайында өшпеген қазақ халқының творчестволық күштерінің тұлғасы болды. Демократия, мәдениет, халықаралық достық туын жоғары көтерген, Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин сыяқты қазақ халқының басқа ағартушыларымен бірге өзінің қажырлы еңбегімен қазақ халқының ұлы орыс халқының мәдениетімен табыстырған ақын алдында тағзым етпеске болмайды.

Өз заманынан әлдеқайда озық болған, бірақ, жалғыздықты көп көрген Абай келешектегі ұрпақтардан үміт ететіндігін өзінің өлеңдерінде айқын көрсетті. Сталиндік ерлік дәуірдің адамдары Абайдың мұрасын шын ынтамен игеріп, оны бүкіл халқымыздың игілігіне айналдырды.

Абайдың өлеңдері қазір орыс тілінде де елге тарауда. Қазақ және орыс әдебиетшілері Қазақ ССР ғылымынан көрнекті орын алған Абайдың мұрасын толық зерттеуде. Абайдың туғанына жүз жыл толуына арналған мереке қазақ әдебиетінің алғашқы классигінің ақындық мұрасын бүкіл халыққа таратудың бастамасы болатындығы күмәнсіз.

Ағартушы ақын, ұлы данышпан Абай Құнанбаевтың тілегі, арманы, өз халқын өнер-білімге, ұлы орыс халқымен дос болуға шақырған үндеуі Ленин—Сталин партиясының басшылығымен, орыс халқының туысқандық көмегімен тамаша жүзеге асырылды. Қазақстанда мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениет өркендеуде.

Көп ұлтты Советтер Одағы қатарындағы терезесі тең қазақ халқы Қазақ ССР-нің құрылғанына 25 жыл толу мерекесінде лениндік-сталиндік ұлт саясатының мерейі үстем болуын, мәдениет — шаруашылық кұрылысындағы тамаша табыстарын бүкіл әлем алдында көрсетеді. Қазақстанның халықтары өзінің данышпан ұлы — Абайдың туғанына 100 жыл толуын осы жағдайда мерекелеп өткізді.

Қазақ халқының тұңғыш ғалімі Шоқан Уәлиханов

Х. Айдарова

Тарих ғылымдарының кандидаты

«Демократизмнің және дүние жүзілік жұмысшы қозғалысының интернационалдық мәдениеті» уранын алға қоя отырып, біз әрбір ұлттық мәдениеттен оның тек демократиялық және социалистік тектерін ғана аламыз, оларды тек және сөзсіз, буржуазиялық мәдениетке, әрбір ұлттың буржуазиялық ұлтшылдығына қарсы аламыз».

(В. И. Ленин. Шығармалары, XVII т. 137-бет).

Қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ғалімі Шоқан Уәлиханов өз елінің шын отаншылы болды. Азияның тарихы мен жағырафиясын зерттеуші көрнекті білімпаз Уәлиханов өзінің дүниеге көз қарасы жағынан қазақ халқының алғашқы материалист ғалімі болды. Ол орыс халқының XIX ғасырдағы классиктер философиясының ғылыми материализм идеяларын жақсы меңгерді.

Өзінің қоғамдық көзқарасы жағынан ол қазақ халқының тұңғыш ағартушы ғалімі болды. Орыс халқының ағартушылары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбов және басқалары сыяқты Шоқан Уәлиханов өз халқын шын сүйетін, бірақ, олар сыяқты Шоқан да тар өрісті ұлтшылдықты жат көретін, өткендегі өмірді арман етпей, ұлттық томаға тұйықтыққа мейлінше қарсы болатын. Қазақ халқының тіршілік күшіне қатты сенген Уәлиханов оның кемшіліктерін, мәдениет және шаруашылық майданында артта қалғандығын тайсалмай ашық айтатын, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетін жақтап, оны қазақ арасына таратуға барынша тырысатын, қазақ халқы ұлы орыс халқымен мейлінше жақындасуға шақыратын. Орыс халқының ағартушылары сыяқты, Уәлихановта езілудегі қалың бұқараның мүддесін қорғады. «Ағартушылықтың» ерекше сипаты, В. И. Ленин айтқандай, «басы байлық пра-воға және оның шаруашылық, әлеуметтік және заң саласындағы зардабының бәріне», мейлінше дұшпан болуында, «халық ағартуды, әр елдің өзін-өзі басқаруын, бостандықты, тұрмыстың европалық түрлерін», «халық бұқарасының көбінесе шаруалардың мүдделерін» қорғауында (В. И. Ленин, шығармалары, II том, 314-бет). Міне бұл қасиеттер аздықөпті Уәлихановтың еңбектерінде де және өз басының қызметінде де көрініп отырды.

* * *

Шоқан Шыңғыс ұлы Уәлиханов 1837 жылы Батыс Сібір облысының Құсмұрын деген жерінде туды. Он жасына дейін үйінде тәрбиеленді, ауыл медресесінде оқыды. 1847 жылы Шоқан Омбының кадет корпусына оқуға кірді. Онда мектеп жағдайына тез түсінді. Орыс тілін үйренгеннен кейін, ол, оқушылардың ең алды және өз класының жетекшісі болды. Шоқан көңіл қойып көп оқыды, Омбының интеллигенция топтары мен араласып, өзінің дүние тану көзқарасын кеңейте берді. Ол өзінің оқытушылары — Францияның буржуазиялық революциясының қайраткерлеріне тілектес болған Гонсевский мен Белинскийдің

жолын қуған Қостылецкиймен көп әңгімелесетін. Шоканның корпуста оқып жүрген жылдарының өзінде-ақ саяси саңлауы едәуір болғанын оның жақын досы Г. Н. Потанин де ыспаттайды. Потанин өзінің есте қалған әңгімелерінде былай деп жазады: «Ол сол кездің өзінде-ақ ересек адамдай еді, ал, біздің онан жасымыз артық бола тұрса да, онымен салыстырғанда жалаңбұт балалар сыяқты едік. Ол жолдастары арасында өзінің білімімен, бізден артықшылығымен мақтанбайтын, бірақ, оның білім жағынан басымдылығы реті келген жердің бәрінде үнсімі көріне беретін. Өзінің жолдастары үшін, оның ішінде менің үшін ол еріксізден «Европа жақтағы терезе» сыяқты болатын» (Шокан Уәлихановтың шығармалары, СПб, 1904 жыл, 14-бет).

1853 жылы, кластас жолдастарынан бір жыл бұрын, Уәлиханов офицер болып шығып, Сібірдің шекаралық қазақ-орыс әскеріне қызметке тағайындалды. Бірақ, оның дарымдылығы және шығыс елдерін жақсы білуі генерал-губернатор Гасфорттың назарын аударды. Ол, Шоканды өзінің адютанты етіп тағайындады.

Батыс Сібір генерал-губернаторлығында қызмет еткен кезінде Уәлиханов Орта Азияның тарихы мен жағырафиясын зерттей берді. Ол шығыс елдерін зерттеу жөнінде зор кітапхана жыйнады. Білімді адамдар арасында бола жүріп, орталықта шығатын журналдарды, оның ішінде «Современник» журналын оқып отырып, Шокан Ресейдің ішкі тұрмысын жақсы біліп отырды. 1854 жылы ол түрмеден босатылған петрашевский С. Ф. Дуровпен танысты. Шокан 1857 жылға дейін «күнемі оның ықпалында болды» (Шокан Уәлихановтың шығармалары, СПб, 1904 жыл, 25-бет).

С. Ф. Дуров демократиялық және социалистік идеяларды таратып, Ресейдегі үстем саяси тапты сынап, Уәлихановқа күшті әсер етті, оның идеялық тәрбиешілерінің бірі болды. Оның оқытушылары Гансевский мен Костылецкийден алған идеялық уытын Дуров әлдеқайда күшейтті.

Уәлихановтың сана-сезімінің өсуіндегі осы кезеңге толық баға беру үшін, ол кездегі оқығалардың түр-сипатын еске түсіру хажет. Қырым соғысында жеңілу бүкіл Ресейді толқытты. Жұртшылықтың белсенділік көрсетуі, басыбайлық-крепостнойлық тәртіпті сынауы, саяси қарсылықтың күшеюі астана тұрмысының ғана емес, өлкелердегі тұрмыстың да айырықша сипаты болды. Революциялық жағдайдың күшеюінен туған пікір таласы Омбыға да жетті. Уәлиханов жұртшылықтың осы алға ұмтылған өрлеуінің күшті ықпалымен қалыптасты.

1853 жылы, кластас жолдастарынан бір жыл бұрын, Уәлихановтың тілектес Ф. М. Достоевскиймен танысты. Достоевский мен дос болуы, оның берген кеңесі айтқан ақылы Уәлихановтың қоғамдық-ғылыми қызметіне зор көмек көрсетті.

Өзінің алғашқы саяхаттарынан — 1856 жылы әуелі Ыссыккөл ауданына, онан кейін Құлжаға барған саяхатынан кейін Уәлиханов орыс халқының аса көрнекті білімпаз географы П. П. Семенов-Тянь-Шанскиймен танысты. П. П. Семенов Тянь-Шанский Уәлихановтың ғылыми-зерттеу жұмысының бастамасына жақсы баға берді. Саяхатты кезінде Уәлиханов жыйнаған материалдармен танысқаннан кейін П. П. Семенов оны Ресейдің жағырафиялық қоғамының толық мүшелігіне ұсынды. 1857 жылғы февральда 20 жастағы Уәлиханов Ресейдің жағырафиялық қоғамының толық мүшесі болып сайланды. Сөйтіп, орыс географтарының атасы Тянь-Шанский Уәлихановты орыс білімпаздарының тобына қосты.

Сонымен, Уәлихановтың өз басы әртүрлі жағдайды ықпалымен қалыптасты. Ол, қазақ халқының үлкен, бірақ, жолы болмаған көтерілістері туралы әңгімелер мен өлеңдердің ықпалымен өсті. Ол, бала күнінен бастап қазақ халқының тарихын, тұрмысын, мәдениетін зерттеді.

Өз үйінің орыс оқығандарымен қарым-қатынасы, Омбығың кадет корпусында оқуы, ілгері ұмтылған орыс жұртшылығының көрнекті адамдарымен тығыз байланыс жасауы оны орыс мәдениетімен жанастырды. Белинскийдің алдыңғы қатарлы демократиялық идеялары, онан кейін Чернышевскийдің идеялары, жұртшылықтың өрге ұмтылған қозғалысының әсері және петрошевшіл Дуровтың ықпалы Уәлихановты алдыңғы қатарлы демократиялық көз қарастағылар қатарына қосты, оны орыс халқымен жақындастырды, оның өз халқымен байланысын оған сайын күшейтті.

* * *

Уәлиханов әсересе өзінің Қашқарияға немесе Шығыс Түркстанға барған саяхатынан атакқа шықты. Уәлиханов Шығыс Түркстанда бес жарым ай болып, бұл елдің тарихы, жағырафиясы, шаруашылығы, санағы және саяси жағдайы туралы бағалы мәліметтер жыйнады. Уәлихановтың тірі кезінде жарияланған: «Алты шаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу өлкесінің шығыстары алты қаласының жайы туралы», «Жонғария туралы очерктер» деген мақалалары бұл экспедицияның нәтижесі еді. Бұл мақалаларда бұл өлке мүлде жаңаша сипатталды. Қазақтың алғашқы білімпазының бұл мақалаларының қазіргі уақытта да зор маңызы бар.

Қашқариядан қайтқаннан кейін Уәлиханов 1860 жыл бойына Петербурда тұрды. Мұнда, ол, орыс мәдениетімен, орыс жұртшылығының алдыңғы қатарлы идеяларымен бұрынғысынан да кең және терең танысты. Астана тұрмысының жағдайында оның дүние тану көзқарасы біржолата қалыптасып, демократиялық көзқарастары нығайды.

Денсаулығының нашар болуы себепті Шоқан Петербурда көп тұра алмады. Ол қазақ даласына қайтып, әкесінің ауылында тұрды, мұнда мүлде жазылып кетпесе де, денсаулығы бірыңғай жақсарды. Өз ауылында дем алған кезде ол әлінен келгенше еңбек етті: халық әдебиетін жыйнап, таңдаулы ақындардың өлеңдерін тындады және Петербурдағы достарымен байланыс жасап тұрды. Бірақ, Уәлихановтың жаны жай таба алмады. Ол, жергілікті шонжарлардың озбырлығына ызаланды, қазақ кедейлерінің ауыр тұрмысы, қазақ халқының артта қалғандығы оған қатты батты.

✓ Достарына, оның ішінде Ф. М. Достоевскийге және ақын А. Майковқа жазған хаттарында ол өзінің мұнын шақты. «Таныс болған кезімізде маған көрсеткен хұрметіңіз, көмегіңіз үшін Сізге және Сіздің қайырымды үй ішіңізге алғыс айту үшін, хұрметті Аполон Николаевич. Сізге көптен бері хат жазбақ едім» — деп жазды ол А. Майковқа 1862 жылдың аяғында. «Қазір, қазақ даласында тұрғанымда, менің Петербурдағы достарым маған өте-мөте қымбат көрінеді. Туысқандарым мен сүйікті жерлестерім арасында тұрсам да, олармен жарасып кете алмаймын. Олармен жақындасуға қаншама тырыссам да, қолымнан келмейді. Кейде, бәрі де жақсы сыяқты көрінеді, бірақ, бір нәрсені ұғынуға және байсалды әңгімеге келгенде, біз жараса алмай, алды-алдымызға тарала бастаймыз... Бәріне қарсы жалғыз күресу қыйын екенін қазір көрдім, шындық қаншама айқын болса да, заманы қолдаған өрескел адасқандықты түзете алмайтынын көрдім... Жергілікті сұлтандармен, қара халықтан шыққан байлармен де келісе алмаймын. Өйткені, олар өздерінің бұрынғы кұлдарына қысым көрсетеді, олар қазір ерікті болса да, солардан бөлініп кете алмайды. Мен олардың бұларға ақы төлеуін, оларды адам сыяқты көруін әлде неше рет талап еттім, әйтпесе заң бойынша шара қолданбақ болып қорқытып та қарады. Шонжарлармен сондай араз болсам да, дала пролетариатымен үлкен доспын және олармен тез

келісемін. Менің Сібір үкметіне көзқарасым туралы Сіз Федор Михайловичтен есіткен боларсыз, мен оған мені бұратанадай көрген бұл оқығға туралы жазған болатынмын. Ал, Сібірде бұратаналарға, итке талатудан басқаның бәрін істейді. Сүйікті Аполон Николаевич, менің жайым осындай. Жағдай жаман, бірақ мен, Айсә сыяқты, кіресті көтере берем, бірақ, наразылықпен көтеремін».

Жергілікті шонжарлардың озбырлығына қарсы күресте Уәлиханов, әділеттілік деп танылған Ресей заңдарының көмегіне сүйене алатын еді. Бірақ, халықты езуші азшылық үстем таптың жүзеге ашырып отырған бұл заңдар негізінде таптық озбырлықты нығайтуын көздейтін еді, ал Шоқанның туған халқын «бұратана» деп қорлайтын еді. Патша үкметі қазақ даласының тұрмысын дұрыстап жолға қоюды ойламады.

Мұндай жағдайда Шоқанның Петербурдағы демократияшыл достары оның келешектегі үмітінің бірі болды.

Өз басының ауыр халіне, жанының жай таппауына қарамастан, Уәлиханов өзінің ғылыми жұмыстарын жүргізе берді, қазақ даласының қоғамдық тұрмысына қатысып отырды. Мәселен, ол, 1864 жылы «Батыс Сібір мекемелеріндегі қырғыздардың сот жұмысында өзгеріс жасау туралы хатын» жазды. Бұл хатында ол билер сотын өзгертуге өзінің көзқарасын толық баяндады. Уәлиханов жаңа жобаны талдап тексерді, оның халыққа қарсы сипатын әшкереледі, бұл жоба жергілікті шонжарлардың озбырлығына онан сайын кең өріс ашатынын көрсетті.

1864 жылы, Батыс Сібірдің Ерекше отрядының бастығы Черняевтің шақыруымен, Уәлиханов Әулие-атаға барды. Бірақ, ол көп ұзамай Черняевтен ажырасты. 1864 жылдың жазында, ол, Верныйға, қазіргі Алматыға, онан кейін Тезек сұлтанның ауылына барды. Тезек сұлтанның ауылында үйленіп, бір жылдай тұрды. 1865 жылдың күзінде Уәлиханов қайтыс болды.

Уәлихановтың өмірінің соңғы жылдары революциядан бұрынғы әдебиетте оның орыс мәдениетінен түнілген, қазақтың патриархалдық тұрмысына қайта оралған жылдары деп сипатталады. Бұл дұрыс емес. Уәлиханов өмірінің ақырына дейін орыс мәдениетін, Ресей мен достықты қолдағанын, саяси және мәдени жағынан қазақ қоғамын негізінен қайта құруды қолдағанын ыспаттайтын жеткілікті дәлелдеріміз бар.

* * *

Тарихшы, шығыс елдерін зерттеуші, филолог, этнограф, географ және қоғам қайраткері болған Уәлиханов қазақ халқының тарихында ерекше орын алады. Бұл мақалада оның ғылыми жұмысының бәрін зерттеп жатпаймыз. Біз тек оқушыны Уәлихановтың жалпы дүние танудағы көзқарасымен таныстырмақпыз.

Уәлихановтың өмір сүрген кезі қазақ халқының тарихындағы қиын, шиеленіскен дәуір болғанын атап көрсету хажет.

XIX ғасыр жағдайында, Еуропаның үлкен мемлекеттерінде, отар елдерді жауламай тұра алмайтын капитализм өркендеген, дүние жүзі бөлшектеліп бөліске түсіп жатқан жағдайда, саяси, шаруашылық және мәдениет жағынан артта қалған халықтар өздерінің тәуелсіздігін сақтай алмады. Ол кездегі нақтылы тарихи жағдайда Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып қала алмады және тәуелсіздігін қорғай алмады. Қазақ халқының, оның шаруашылығымен мәдениетінің онан әрі дамуы Ресейдің дамуымен барған сайын тығыз байланысты бола берді.

Қазақстанда товар-ақша қарым-қатынасының басталуы бұл байланысты онан сайын күшейтті. Мұның өзі ішкі әлеуметтік қайшылықты шиеленістірді. Отаршылдық қысымға қарсы күрес қазақ қоғамындағы

таптық күрестің, қазақтың ақ сүйектеріне, шонжарларына қарсы күрестің шиеленісуімен ұштасты.

Бұл халден кұтылуға жол іздегенде қазақ жұртшылығында әртүрлі ағындар пайда болды. Қазақ даласында әлеуметтік, шаруашылық және мәдениет жағынан өзгерістер жасауды көзден, азды-көпті ойластырып жасалған програм бұл ағымдардың бірде біреуінде болмады.

Бірақ, Қазақстандағы бұл идея алалығы Ресейде басыбайлылыққа қарсы революциялық — азаттық қозғалыспен, революциялық жағдайдың тууымен, онымен бірге демократиялық төңкеріс жасау мүмкіншілігінің тууымен тұстас келді. Белинский, Герцен, Чернышевский, Добролюбовтар тарихи майданға шықты. Олар өздерінің жауынгер материалистік философиясының, өздерінің революцияшыл демократиялық көз қарастарының және өздерінің еңбектерінің барлық күшімен, шіріген қоғамдық — саяси құрылысқа шабуыл жасады. «Қара түнек патшалыққа» қарсы күрес күшейе берді. Бұл күрес халықты патша үкметіне өшпенділік рухында тәрбиеледі.

60-жылдардағы революциялық — демократиялық идеялар, сол сыяқты онан кейінгі революциялық қозғалыстар Ресейдің шет аймақтарының артта қалған халықтарының қоғамдық ой — пікірінің өрістеуіне тікелей әсер етті. 40-жылдардың өзінде Белинский жариялаған теңдік, адамгершілік идеялары әдебиет арқылы, жер аударылған саяси қайраткерлер арқылы Ресейдің шет аймақтарына тарады. Орыс халқының таңдаулы адамдары патша үкметінің отар елдерді талау саясатына қарсы шығып, езілген халықтарға достықпен қол созды. Мұның өзі көп ұзамай нәтиже берді.

XIX ғасырдың 40-жылдарында-ақ, патша үкметі құлдыққа салған халықтар арасында революциялық — демократиялық идеяларды таратушылар, халық ағартушы білімпаздар шыға бастады: Азербайжанда М. Ф. Ахундов, Бурятияда Дж. Банзаров, 60-жылдарда Қазақстанда Шоқан Уәлиханов шықты. Ресейдегі прогресшілдік, революцияшыл-демократияшылдық қозғалыстың лаулаған жалынының ұшқындары отар елдердегі қурап тұрған қауға түсті, өйткені езілген халықтар патша үкметінің қысымына көңісі келмеді. Революциялық — демократиялық идеялардың дәні даяр тұрған қызу жерге түсіп, көктей бастады, өйткені Ресейдің шет аймақтарының халықтарында ішкі әлеуметтік қайшылықтар барған сайын айқын көріне берді, тап күресі күшейе берді.

Сөйтіп, Уәлихановтың майданға шығуы тарихи заңды болды. Өз халқымен біте қайнасқан, Ресейдің прогресшілдік идеяларын бойына сіңірген Уәлиханов қазақ даласында ілгері бастаған ой-сананы таратушы болды. Уәлихановтың идеяларын онан кейін де ағартушылар — Абай, Алтынсарин және қазақ халқының кейініректегі таңдаулы адамдары қолдады. Бұлар Ресейдің игі жақсыларымен қол ұстасып, патша үкметіне қарсы күрестің өрісін кеңейтті. Қазақ халқының қайда баруы керек, «азиялық» қалыпты сақтап қалуы керек пе, әлде Ресеймен жақындасуы керек пе, деген тарихи сұрауға Уәлиханов тайсалмастан: қазақ халқының ұлттық тіршілік күшін сақтап, дамыту үшін, ұлы орыс халқымен қол ұстасып, алға ұмтылу керек деп жауап берді.

Бұл шағын мақалада біз оның кейбір пікірлерін келтіріп, Уәлихановтың бізге керекті мәселе жөніндегі ой — өрісін көрсетпекпіз.

Уәлихановтың философиялық көзқарастарын сипаттау үшін, оның ресми хаттар түрінде, журналдарға арналған шағын мақалалар түрінде жазған шығармаларына қысқаша тоқтап өтпекпіз. Рас, Уәлиханов олардың көбін толық өңдеп аяқтамаған, бірақ, бұл оның көзқарастарын анықтауға бөгет болмайды. Оның бұл шығармалары — «Қырғыздарда шамандықтың іздері», «Сібір ведомствосына қараған қырғыздар арасында соғ реформасы туралы хат», «№ 1 хат», «№ 2 хат», «Шамандық ту-

ралы заметка», «Қырғыздардың жайлауы туралы» және басқалары. Бұл еңбектерінде Уәлихановтың дүниеге көзқарасы көрсетілген. Бұл еңбектер Уәлихановтың өз заманындағы таңдаулы адамдардың бірі болғанын ыспаттайды.

Жаратылысқа, адам қоғамына, дінге және дүниені тану мәселесіне көзқарастарында Уәлиханов негізінде материалистік бағытта болған. «Қырғыздарда шамандықтың іздері» деген мақаласында Уәлиханов адам қоғамын жаратылыстың бір мүшесі деп таныйды, төңірегіндегі табиғат туралы білімді, тәжірибені көбейте келе адам дамуы ең төменгі сатыдан дамудың барған сайын жоғары сатысына көтеріле береді, деп есептейді. Уәлиханов шамандықты — адам қоғамының дамуының белгілі бір сатысында туған дін, басқа діндер сыяқты, шамандық — тарихи өткінші дін деп таныйды. Ол былай деп жазады: «..адам сәбилік қалыптан шықпаған кезде күнге, айға, жұлдыздарға, біз жаратылыс немесе әуе әлемі деп атаған үші — қыйыры жоқ, әр алуан, мәңгілік дүниенің бәріне табынды... Көк әлемін, оның кереметтерін білуге ұмтылу, тіршілік пен өлім туралы мәселе, адамның жаратылысқа қатынасы, осының бәрі көк әлемін немесе жаратылысты, өлген адамдардың әруағын хұрметтеушілікті — шамандықты туғызды. Шамандық жаратылысты жалпы және ішінара хұрметтеушіліктен туды» (Ш. Уәлихановтың шығармалары. СПб. 1904 жыл. 10,11-беттер).

Уәлихановтың пікірінше зат пен рух айырылғысыз байланысты, бірақ зат-негіз. Мұнымен бірге, ол, қондырманың (Надостройка) негізге әсер етуін де таныды.

Тегі жаратылысты, оның ішінде өзін-өзі зерттей отырып, адам дүниені ғылыми жолмен таныйды. Уәлихановтың пікірінше, ғылым адамзаттың қызметінде болу керек. «Тағы және надан адам, — деп жазады ол, — өзінің сыртқы сезімін толық билей алмайтын жас бала сыяқты. Ол адам жас бала сыяқты, өзінің сезімдерін істерімен үйлестіре алмайды. Тұрмыстың сыртқы және ішкі жағдайларын жақсартуға ұмтылу барлық ғасырларда да, адамның дамуының барлық сатыларында да адамға тән қасиет бола тұрса да, өзінің бұл мақсатына жеткен кездері сирек. Өзін-өзі түсінбегендіктен, төңірегіндегі табиғат туралы ешқандай тыянақты мәліметі болмағандықтан, балалық қалыптағы адам өз тұрмысын жақсартуға ұмтылғанда, соқыр адамдай қараңғыда қармалап жүретін болған, сондықтан ол жалғанды ақиқатқа, зиянды пайдаға есептеп, көп қателесетін болған. Бұл жөнінде біз тарихтан көп ғибратты мысалдар табамыз» (Шығармалары, 152-бет).

Жоғарыда келтірілген үзінділерге қарағанда, Уәлиханов метафизик болмаған, ол адамның қоғамы төменгі сатыдан жоғары сатыларға қарай дамыйды, деп таныған. Ол өз заманында алдыңғы қатарлы интеллигенция арасында басым болған прогресс теориясын таныған. Екінші жағынан, ол білім теориясы мәселелерінде де материалистік бағытта болған. Мәлімсіз нәрсе мәлім болады, жаратылыс танылады: өз істерінде тәжірибені, ғылыми білімді қолданатын адам «қателерге» көп оқтыға бермейді, «ақиқатты» дұрысырақ белгілейді, «зиянды» «пайдадан» дұрыс айырады.

Өзінің философиялық көзқарастарынан Уәлиханов қоғамдық мәселелер жөнінде практикалық қорытынды шығарады: «Византия» заманының, «татар» заманының нәтижелері мәлім болғандықтан, дамудың оған ертеректегі дәуірінде тұрған, тағдыры қазір мәдениетті мемлекетке байланысты болып отырған халыққа, оның дамуын прогресшілдік жолға салатын, оның аралық дәуірлерді аттап өтуіне көмектесетін реформалар беру керек. Бірақ, реформалар жасаудан бұрын, сол халықтың тұрмыс жағдайларын зерттеу керек, өйткені жасалатын өзгерістер бұл жағдайларға толық сәйкес болуы керек.

«Қандай да болса өзгеріс жасау үшін, кейіннен оны сақтау үшін,

бұл өзгеріс тұрмыс хажетіне үйлесетін болу керек, ол өзгеріс қандай қоғамның пайдасы үшін болса, сол қоғамның ұлттық сипатына бейімделген болу керек. Бұл шарттардан тыс енгізілген әрбір жаңалық сөз жоқ зиянды болады, тек емі табылмайтын қоғамдық кеселдер туғызады» (Шығармалары, 172-бет).

Уәлихановтың шығармаларында басқа да таза демократиялық пікірлер болды. Оның пікірінше, реформа халықтың күнбе-күнгі хажетін өтеуді, қоғамды игілікке жеткізуді, адамдардың басым көпшілігінің тұрмысын оңдауды көздейтін болу керек. Бұл мәселе жөнінде Уәлиханов орыс халқының ұлы ағартушылары — Герценнің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың ықпалында болған.

Патша үкметі билер сотына реформа жасамақ болды. Шоқанның пікірінше, бұл реформа ақ сүйектердің, шонжарлардың халықты талауына оған сайын зор мүмкіншіліктер беретін. Шоқан батыра әшкереленген реформаның жобасын талқылаудың өзі, ол реформаның қанаушылық мәнін және мақсатын көрсетіп берді: «Екі жақ бір-біріне икемге келгеннен кейін, — деп жазды ол, — аға сұлтандардың араға түсуімен іс жайғасты, жайғасқанда билер правительдерге, правительдер билерге бөгет жасамайтын, ал правительдер мен билер сұлтандарға бөгет жасамайтын болды. Төрелікте жоқ ардақтылар бәріне де риза болды, өйткені келешекте осындай лауасындардан дәмелі бұл адамдар қазақ даласындағы әкімдердің бір-бірінің халықты талауына бөгет жасамағанын тіледі» (Шығармалары, 160-бет).

Қазақ шонжарларының мүддесін көздеген патша үкметінің саясатын Уәлиханов осы билер соты реформасы мысалымен батыл әшкереледі. Ол бұған байланысты әр елдің өзін-өзі басқаруын арман етті, реформа «дала ақ сүйектерінің», «ардақты таптың», «сұлтандардың», «шонжарлардың» мүдделерін емес, қалың бұқараның мүдделерін көздейтін болуын талап етті. Уәлиханов реформа «халық пікірін» негізге алуға тиіс деп есептеді, «сұлтандар мен байлардың пікірімен тіпті де есептесуге болмайды, өйткені тұтас ұлттың мүддесі, әділдігіне барсақ, жеке топтың пайдасынан жоғары болу керек» — деп жазып, «заманның бет алысын, қоятын талаптарын» ескеруді талап етті.

Бұл үзінді келтірілген «Хатында» Уәлиханов әр елдің өзін-өзі басқару идеясын өзін-өзі басқаруы идеясын қолдады, «дамудың қандай сатысында болса да, халықтың дұрыс қалыппен өсуі үшін; оның өздігінен дамйтын өзі-өзі қорғайтын, өзін-өзі басқаратын және сот істерін өзі жүргізетін болуы керек» (Шығармалары, 172-бет) — деген шындықты қолдануды жақтады.

Уәлихановтың бұл пікірінің ерекше маңызы бар. Оның бұл пікірі саяси көзқарастарының басшылық принциптерін көрсетеді. Халық өз тұрмысына өзі ие болуы керек, өз тағдырын өзі билеуі керек, халықтың бұл жөніндегі ерікті істеріне ешқандай сыртқы күш бөгет жасамайтын болу керек.

Ақылға қонымды өзгерістер жасау жолымен, қоғамдық тұрмысты өзгертуге, жақсартуға қатты сенген Уәлиханов мұнымен бірге халықтың «өзін-өзі қорғау», өзінің мүдделері үшін белсеніп күресу правосын таныды.

Мұнымен бірге Уәлиханов сұлтандардың, ақ сүйектердің өздерінің құлқыны үшін әкімшілікке ұмтылатын, халықты өзінің меншігі деп таныйтын адамдардың — үстемдігіне мейлінше қарсы болды. Ақ сүйектерді, шонжарларды әртүрлі әкімшілік, ел басқару, сот орындарынан шеттетуді, сөйтіп, оларды қалың бұқараға қысым жасайтын «заңды» жолдарынан айыруды Шоқан елдің өзін-өзі басқаруына ең керекті шарттардың бірі деп есептеді.

Уәлиханов қазақ қоғамының тап-тапқа бөлініп отырғанын көріп,

оның езілген көпшілік жағында болды. ХХ ғасырдың, тіпті, бас кезінде, Октябрь революциясы жылдарында қазақ ауылында таптардың барлығын, байлардың еңбекшілерді езіп отырғанын мойындамаған қазақтың байшыл ұлтшылдарынан Шоқан бұл жөнінде мүлде басқаша көзқараста болды. Султандарды, бекзаттарды әшкерелегенде Уәлиханов нағыз демократ болып майданға шықты.

Өзінің еңбектерінде Уәлиханов қазақ халқының дамуының тарихи жолы туралы пікірлер айтты. Қазақстанның Ресей империясына қосылуын Шоқан қазақ халқының келешекте тарихи дамуы үшін пайдалы деп білді. Ол патша үкметінің күнбе-күнгі саясатын, қазақ халқын қанаушылықты, талаушылықты және ислам дінін таратып халықтың мыйын уландыруды қатты сынады. Үстірт қарағанда Уәлихановтың саяси көзқарастары тартымды, тежеулі сыяқты көрінсе де, екжей-текжейлеп терең зерттегенде Уәлихановтың көзқарастары оның тамаша қырағылығын, алыстан болжарыштығын, өмірдің шиеленіскен мәселелерін әр тараптан кең қамтып шеше білетінін көрсетеді.

Қазақстанның келешегін Ресеймен байланыстыра отырып Уәлиханов екі халықтың өз ара достығын бұл байланыстың негізгі заңы деп есептеді. Оның «азияшылдықты» қатты сынауы Уәлихановтың қазақ халқын орыс мәдениетіне жанастыруды шын ниетімен тілегендігін көрсетеді.

Ресейдегі шаруашылық, әлеуметтік, саяси жағдайды, Ресейдің прогресшіл қоғамдық қозғалыстарын, ақыр — аяғында орыс мемлекетінің күш-қуатын жақсы білген, Шоқан қазақ халқының өміріндегі зор оқыйғаны — оның Ресейге қосылуын, өз елінің отар болуын қай жағынан болса да терең ойластырды.

Қазақстанда артта қалған мал шаруашылығы басым болды, көшпелілік тұрмыс қалпы сақталды, өнеркәсіп, оқу орындары, қазақ тілінде газеттер, журналдар болмады, қазақ халқы тегісінен дерлік сауатсыз болды, дни фанатизм күшті болды.

Қазақстан отарланды, талауға ұшырады, жер-жерде бекзаттар патша чиновниктері өрескел озбырлық жүргізді. Уәлиханов осының бәрін көріп, біліп отырды. Өзінің саяси көзқарастарын белгілегенде мұның бәрі оған ауыр әсер етті. Бірақ, ол, Ресейдің озағ идеяларына, орыс халқымен достыққа ұмтылды, орыс халқымен достықты өз халқының өркендеуінің кепілі деп білді. Халықтардың өзара мәдени бірлігінің және олардың ұлттық сана-сезімі өсуінің идеясы Уәлихановтың саяси пікірлерінде айқын көрініп отырды.

Әрине, Ресейдің патша үкметінің, орыс помещиктері мен капиталистерінің отарлау саясаты, қазақ байлары мен бекзаттарының саясаты халықтар достығының кең өріс алып, айқын көрінуіне бөгет жасады. Бірақ, Ресейдің таңдаулы адамдарының қазақ халқына шын ниетпен телектес болуы, қазақ халқының таңдаулы адамдарының орыс мәдениетіне ұмтылуы бұл халықтар арасында мәдени байланыс және бірдей көзқарас туғызды. Патша үкметінің озбырлығы мен қысымынан азап көрген орыс және қазақ халықтарының ортақ мүдделері патша үкметіне қарсы күресте бұл халықтарды бір-бірімен бауырластырып, жақындастырды.

Қазақ халқының 50—60-жылдарындағы тұрмысын талдап тексере келіп, Уәлиханов Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ халқын қазіргі заман мәдениетіне неғұрлым тез қабыстыруға, ұзаққа созылатын феодалдық даму дәуірінен аттап өтуге мүмкіншілік туғызады, деп таныды. Басқа, мәдениеттірек халықтардың тарихи тәжірибесі бойынша Шоқан артта қалған халықтар алдына бұл азапты, шабан даму дәуірін аттап өту, сөйтіп ең төте жолмен мәдениетке жету міндетін қойды. Ол «Біз татарлық дәуірге қалай да соқпай өтуіміз керек» деп жазды.

Қазақ халқын тура төте жолмен мәдениетке жеткізуді арман еткен Шоқанның бұл дұрыс идеясы Улы Октябрь социалистік революциясы әрқасында жүзеге асырылды. Бұрын езілген, артта қалған халықтардың капиталистік даму дәуірін аттап өтіп, ұлы орыс халқының көмегімен, Ленин—Сталин партиясының басшылығымен социалистік қоғам орнатуға белсеніп қатысуына даңғыл жол ашылды.

Сонымен, өзінің философиялық көзқарастарында Уәлиханов затты бастапқы, дүниені білуге болады деп танып, материалист болды. Ол дінді материалистік тұрғыдан сынап, бұл жөнінде атеизмге (дінсіздікке) дейін жетті.

Саяси көзқарастарында, ол, қазақ халқын орыс халқымен біріктіруді, бұл халықтар арасында достық орнатуды қолдады, «азияшылдыққа» қарсы болды. Патшалы Ресейдегі мемлекет құрылысы жөнінде Уәлиханов орыс демократтарының идеяларын қостады. Ол қазақ халқын шаруашылық жағынан қанаушылыққа, қазақ халқының саяси правосыздығына қарсы шықты, патша үкметінің отарлаушы чиновниктеріне және жергілікті билеп — төстеушілерге қарсы күресті. Қазақ халқының саяси праволарын қорғай отырып, ол халықтың «өздігінен дамуын, өзін-өзі қорғауын, өз істерін өзі басқаруын, өзінің сот істерін өзі жүргізуін қамтамасыз ететін жағдайлар туғызуды талап етті. Сөйтіп, ол қазақ халқының ұлттық арманының жаршысы болды.

Өзінің әлеуметтік көзқарастарында Уәлиханов демократ болды, езілудегі көпшілік жағында болып, қазақ халқының ақ сүйектеріне, қанаушыларына қарсы шықты.

Ағартушы Уәлиханов шығыстың орта ғасырлық схоластикасына соғыс жариялады, өзінің зор талантын аянбай жұмсап, қазақ халқын алдыңғы қатарлы орыс мәдениетіне жанастыруға тырысты, мұны қазақтың ұлттық мәдениетінің дамуының негізі деп білді.

Бірақ, адамзат қоғамының дамуына Уәлихановтың көзқарасы идеялістік көз қарастан аса алмады. Қоғамдық құрылыс туралы терең пікірлер айта тұрса да, мұнымен бірге ол діннің, оқудың — білімнің маңызын асыра бағалады, адам қоғамы дамуының заңдарын білмеді. Ол қоғамдық тәртіпті қалың бұқараның көзін ашу жолымен, билеп — төстеуші топтарды ақылға қонымды реформалар жасауға көндіру жолымен өзгертуге болады деп ойлады. Уәлихановтың бұл көзқарасына Қазақстанның артта қалғандығы, Шоқанның өзінің еліміздің қоғамдық саяси орталықтарынан қашық өмір сүруі себеп болды. Бірақ, бұл жағдай қазақ халқының қоғамдық ой — өрісін кеңейту, алға бастыру ісінде Уәлихановтың маңызын, алған орнын кеміте алмайды.

Өз заманындағы алдыңғы қатарлы білімпаздар қатарынан орын алған Уәлиханов адамзаттың жалпы алға басып өркендеуіне, қазақ халқы атынан ең алғаш рет ат салысты.

Қазақ халқының кейінгі ағартушылары Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев және басқалары Уәлихановтың рухани мұрасын онан әрі мұлайтты. Сөйтіп Уәлихановтың бұл мұрасы қазақ халқының Советтік Социалистік мәдениеті қазынасынан көрнекті орын алды.

Уәлиханов — өз отанының талантты ұлы. Қазақ халқы оны орнымен мақтан ете алады.

„Қазақ ССР Тарихын“ екінші рет бастыруға даярлау туралы

1945 жылғы 14 августа Қазақстан Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті «Қазақ ССР тарихын» екінші рет бастыруға даярлау туралы қаулы алды. Орталық Комитет, Москва және Қазақстан тарихшылары коллективінің зор ғылыми — зерттеу жұмысы нәтижесінде 1943 жылы «Қазақ ССРның ерте заманнан қазіргі күндерге дейінгі тарихы» кітабының басылып шыққанын атап көрсетті.

«Қазақ ССР тарихын» құрастырушылар қазақ халқының тарихын марксистік тұрғыдан, белгілі тәртіпке салып баяндауға алғаш рет батыл және өте маңызды еңбек етті. «Қазақ ССР тарихының» жарыққа шығуы Шығыс халықтарының бірі — кезіндегі жағдай себепті соңғы шекке дейін ғылыми жолмен жазылған тарихы болмай келген қазақ халқының тарихын онан әрі зерттеу мәселелеріне білімпаздардың өте-мөте назарын аударды.

Авторлар Қазақстан тарихының совет өкметі тұсындағы дәуірін дұрыс баяндады, социалистік құрылыс орнатқан, ұлы орыс халқының және Советтер Одағындағы басқа халықтардың көмегімен қазақ халқының шаруашылығы мен мәдениетінің өркендеуін камтамасыз еткен совет өкметі қандай зор өзгерістер туғызғанын көрсетті.

Алайда «Қазақ ССР тарихында» Қазақстан тарихының аса маңызды мәселелерін баяндау жөнінде идеология жағынан елеулі қателер жіберілді.

Негізгі қате: қазақ халқының Ұлы Октябрь Социалистік революциясына дейінгі тарихын авторлар өндіріс күштерінің және өндіріс қатынастарының дамуының тарихы, Қазақстандағы таптардың және тап күресінің тарихы деп танымай, көбінесе қазақ халқының өз тәуелсіздігі жолындағы күресінің тарихы деп танығандық.

Тарихи оқыйғаларға, марксизм-ленинизм классиктерінің көрсеткендеріне қайшы келіп, «Қазақ ССР тарихын» құрастырушылар татар-монғолдардың Қазақстанды жаулап алуына теріс баға берді, қазақ халқына орасан көп зыян келтірген, оның тарихи дамуын нешеме тасырлар бойына бөгеген монғолдардың қысымының мейлінше кертартпалық ролін көрсетпеді. Монғолдардың Қазақстанды жаулап алған кезін қазақ халқының тәуелсіз болған дәуіріне қосып, татар-монғолдардың жаулап алуы қазақ халқының құралуына, дамуына көмектесті дегенді айтып, авторлар қателесті. Тарихтың осы бөлімінде авторлар Алтын орда әмірлерінің бірі — халық бұқарасын тұншықтырып, қан қақсатқан Едігені халық батыры, еңбекшілердің қамқоры деп дәріптеді.

«Қазақ ССР тарихында» қазақ халқының ақсақалдық — бектік қарым-қатынасы боямалап көрсетілді, ал сұлтандармен хандардың еңбекшілер бұқарасын езуі жеткілікті көрсетілмеді. Сол бөлімде авторлар

тарихи оқыйғаларға қайшы келіп, XV—XVIII ғасырлардағы казак мемлекетін баянды және қуатты мемлекет болды деп жариялады. Сөйтіп, бұл, казак халқын тарихта алғаш рет құлданушылардың, қанаушылардың қысымынан азат еткен, шын мәнінде тәуелсіз мемлекет — Ұлы Советтер Одағының біте қайнасқан бір мүшелі бөлегі болып отырған Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы орнатқан Ұлы Октябрь социалистік революциясының маңызын кеміткендік болып шықты.

«Қазақ ССР тарихында» Қазақстанның Ресейге қосылуына бір жақты баға берілді. Авторлар бұл оқыйғаға тек Ресейдің патша үкметінің жаулап алу саясаты тұрғысынан қарады. Авторлар Қазақстан Ресейге қосылған кезде ондағы тарихи жағдайдың қандай болғанын ескермеді, Қазақстанның Ресей империясына қосылуының прогресшілдік маңызын, Ресейдің казак халқын орыс мәдениетіне және шаруашылығына жағнастырғанын толық көрсетпеді.

«Қазақ ССР тарихын» құрастырушылар ұлттық-азаттық қозғалыстарды нақтылы тарихи тұрғыдан талдап тексермеді, сондықтан бұл кітапта қазақ халқының шын ұлттық-азаттық қозғалыстары мен қазақ сұлтандары мен бектерінің қарақшылық жорықтарының арасы айқын ашылмады.

Сұлтан Қаратайдың бектік — кертартпалық көтерілістерін және басқа кейбіреулерін авторлар талғамастан шын ұлттық азаттық қозғалыстар қатарына қосты, ал Кенесары Қасымов бастаған қозғалысқа бір жақты баға берілді, бұл қозғалыстың ішкі қайшылықтары ескерілмеді.

Қазақтар мен орыстар және Советтер Одағының басқа халықтары арасындағы шаруашылық, мәдени байланыстың, олардың өзара бірігіп, патша үкметінің озбырлығына, зорлық-зомбылығына қарсы күресуіне, еліміздің халықтарының бір-бірімен жақындасуына және олардың ұлы орыс халқы төңірегіне топталуына себеп болған осы жағдайлардың кітапта мүлде жеткіліксіз көрсетілуі «Қазақ ССР тарихындағы» үлкен кемшілік.

Бұған байланысты Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Қазақ ССР-ның марксистік тарихын жазуды Қазақстан партия ұйымдарының аса маңызды идеологиялық міндеті деп есептейді.

Бұл міндетті орындау үшін, делінді Орталық Комитеттің қаулысында, «Қазақ ССР тарихын» негізінен өңдеп, оның бірінші басылуындағы елеулі қателер мен кемшіліктерді жою керек.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті 1945 жылғы сентябрьде «Қазақ ССР тарихының» екінші басылуының жобасын қарауды хажет деп тапты.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті казак халқының тарихын ғылыми жолмен жазып, баяндағанда Сталин жолдастың мынадай нұсқауын негізге алуды ұсынды: «Қоғамның дамуының тарихы — ең алдымен өндірістің дамуының тарихы, ғасырлар бойына ауысып отыратын өндіріс әдістерінің тарихы, өндіріс күштерінің және адамдардың өндірістік қатынастарының дамуының тарихы». Сондықтан, тарихшылар «ең алдымен заттық игілікті өндірушілердің тарихымен, еңбекшілер буқарасының тарихымен, халықтар тарихымен шұғылдануы керек».

«Қазақ ССР тарихының» жаңа басылуында Қазақстанның Ресейге қосылған кезіндегі сыртқы және ішкі жағдайын қай жағынан болса да толық ескеру керек, Ресейдің патша үкметінің Қазақстандағы талаушылық отарлау саясатын көрсетіп ғана қоймай, мұнымен бірге казак халқының шаруашылық және мәдениет жағынан дамуына Ресейдің күшті әсер еткенін де көрсету хажет.

Қазақстанның Ресейге қосылуы арқасында казак халқын, Ресейге қарағанда артта қалған шығыстың тағылық дәуірдегі мемлекеттерінің жаулап алу хаупі жойылғанын, Қазақстанның Ресейге қосылуы Қазақ-

станда шаруашылықтың және қоғамдық қатынастың неғұрлым жоғарырақ түрлерінің дамуына, қазақ халқы мәдениетінің дамуына, қазақ халқының көрнекті білімпаздары, ағартушылары, жазушылары және қоғам қайраткерлері — Шокан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Аманкелді Имановтың қалыптануына себеп болғанын көрсету хажет.

Қазақстандағы ұлттық азаттық қозғалыстарды зерттегенде және оған баға бергенде Сталин жолдастың: «Кей бір жеке ұлттық қозғалыстардың реакцияшылдық болу мүмкіншілігі қаншама шартты және өзгеше болса, ұлттық қозғалыстардың басым көпшілігінің сөзсіз революцияшылдығы да соншама шартты және өзгеше» деген нұсқауы негізге алыну керек.

Шын ұлттық-азаттық қозғалыстар мен қазақ бекзаттары бастаған топтардың өзара жаугершілік күресінің және қазақ бекзаттарының іргелес халықтарға қарақшылық шабуылдарының арасын айқып айыру керек. Мұнымен бірге, Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ халқының патша үкметіне қарсы ұлттық — азаттық қозғалыстарының күшеюіне бөгет болмай, қайта оған көмекші болғанын, орыс халқының алдыңғы қатарлы демократтары мен революцияшылдарының бұл күреске орасан зор көмегі тигенін ескеру хажет.

Қазақ, орыс халықтарының және еліміздегі басқа халықтардың өзара бірігіп, шет ел басқыншыларына, патша үкметіне және помещиктер—капиталистердің қысымына қарсы күрескенін неғұрлым толық және айқын көрсету керек.

Советтік Қазақстанның тарихын баяндағанда, қазақ халқының ғасырлар бойына артта қалғандығын жою ісінде Ұлы Октябрь социалистік революциясының, лениндік-сталиндік ұлт саясатының, Қазақстанда социалистік өнеркәсіпті өркендетудің, ауыл шаруашылығын коллективтендірудің, мәдени революцияның ерекше маңызы болғандығына, большевиктер партиясының және оның көсемдері — Ленин мен Сталиннің орасан зор еңбек сіңіргеніне, мұның бәрі, қорытып келгенде, Қазақстанның капитализмді аттап өтіп, ақсақалдық — бектік құрылыстан социализмге көшуін қамтамасыз еткеніне, сөйтіп Қазақстанды гүлденген өнеркәсіпті — колхозды советтік республикаға айналдырғанына ерекше көңіл бөлу хажет.

«Қазақ ССР тарихының» жана басылуында Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қатысуын неғұрлым кең баяндау керек, қазақ еңбекшілерінің, Қазақстандықтардың майдан мен елге көрсеткен қаһармандығын, отаншылдығын, қазақ халқының Советтер Одағындағы басқа халықтармен достығының оған сайын нығайуын көрсету керек.

«Қазақ ССР тарихын» екінші рет бастыруға даярлауды Орталық Комитет Ғылым Академиясы қазақ филиялының тарих және этнография институтына тапсырды.

Орталық Комитет Ғылым Академиясының қазақ филиялының басшылығына (Сәтбаев жолдасқа) тарих және этнография институтын маман қызметкерлермен нығайтуды, Қазақстан тарихын, әсіресе оның советтік дәуірін ғылым жолымен тексеруді ұйымдастыруға барлық шаралар қолдануды міндет етті.

Орталық Комитет Алматы қаласындағы ғылым қызметкерлері мен әдебиетшілердің жыйылысын өткізіп, онда «Қазақ ССР тарихын» екінші рет бастыруға даярлау жөнінде Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің қаулысы тұралы баянлама тындауды хажет деп тапты. Жыйылыста баяндама жасауға Орталық Комитет Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пропаганда жөніндегі секретарі Әбдіқалыков жолдасты белгіледі.

МАЗМҰНЫ

	<i>Беті.</i>
ССР Одағының барлық қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Иосиф Виссарионович Сталинге Советтер Одағының Генералиссимусы жоғарғы дәрежелі әскери атағын беру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы	3
Советтер Одағының Маршалы Сталин Иосиф Виссарионовичті «Жеңіс» орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы	
Иосиф Виссарионович Сталинге Советтер Одағының Батыры атағын беру туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы	4
Басмақала. Совет халқын жеңіске жеткізуші	5
ССР Одағы Жоғарғы Советінің XII сессиясы	
Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы заң.	9
Майдандағы Армия қатарындағы жасы үлкендерді босату туралы Қызыл Армия Бас Штабының бастығы Армия генералы А. И. Антоновтың баяндамасы	10
М. Беленов. Совет халқының тарихи ұлы жеңісі	17
Ф. Сафонов. Тұңғыш большевиктік съез	25
М. Әбдіқалықов. Абай — қазақ халқының даңқты ақыны және ағартушысы	38
Х. Айдарова. Қазақ халқының тұңғыш ғалімі Шоқан Уәлиханов	43
Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде	52

302255

Шығарушылар алқасы.

М. Әбдіқалыков	(редактор)
М. Жұданов	
Н. Заленский	
Б. Степанов	
Ф. Сафонов	
Н. Сауранбаев	
Н. Тимофеев	

„Қазақстан Большевикі“ № 3

Подписано к печати 11/IX 1945 г. УГО2453. Издательский № 000.
Объем 3,5 п. л. Уч.-авт. листов 5,25. Тираж 7000. Цена 1 руб.

г. Алма-Ата. Гостипография № 1. Заказ 692.